


18+

Иса Құдайбергенов

АРДАН

The background of the cover is a collage with a torn paper texture. In the center, there is a silhouette of a person standing with their back to the viewer, looking out over a green field. In the distance, a city skyline is visible, with a prominent red light source on the left and a bright, glowing area on the right. The overall color palette is warm, with yellows, oranges, and greens.

Үйге қайтар ұзақ жол

Бірінші кітап

Иса Құдайберген Арлан. Үйге қайтар ұзақ жол. Бірінші кітап

<https://litres.ru/74502932>

ISBN 9785007118088

Аннотация

Жасы небәрі жиырмада. Айналасы — жат ел. Қалтада көк тиын жоқ, қолда құжат жоқ, тілін де білмейді. Сеніп ерген серігі ғайып болып, оны Малайзияның қақ ортасында жалғыз тастап кетеді.

Сүйеу болғаны — сенім, жолда кездескен жайсаң жандар және ұлылардың сөзі: әр тарау Конфуцийден Абайға дейінгі даналардың нақылымен ашылады.

Ол ойдан шығарылған әңгіме емес. Арланның қолынан келді — сіздің де қолыңыздан келеді.

Содержание

Алғысөз	5
1-тарау	7
2-тарау	25
3-тарау	31
4-тарау	42
5-тарау	60
6-тарау	66
Конец ознакомительного фрагмента.	72

**Арлан. Үйге
қайтар ұзақ жол
Бірінші кітап**

Иса Құдайбергенов

© Иса Құдайбергенов, 2026

ISBN 978-5-0071-1808-8

Создано в интеллектуальной издательской системе Ridero

АРЛАН. Үйге қайтар ұзақ жол

Иса Құдайбергенов

АЛҒЫСӨЗ

Бұл кітап бір бозбаланың өміріндегі шынайы оқиғаларға негізделген хикаясы. Дегенмен, шығармада ойдан шығарылған тұстар да кездеседі. Бас кейіпкердің есімі — Арлан Құдайбергенов. Ол Қазақстандағы кішігірім ауылында дүниеге келген. Арланның балалық шағы мен жастық шағы Кеңес Одағы ыдырағаннан кейінгі қиын-қыстау кезеңмен тұспа-тұс келді. Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алғанымен, енді ғана еңсе тіктеп, қаз-қаз басып келе жатқан еді. Ұлан-ғайыр ел үшін тоғыз жыл деген көзді ашып-жұмғандай өте шығар қас-қағым сәт болатын. Жұрттың бәрі жан бағудың қамымен шыркөбелек айналып, өзін және отбасын асырау үшін жанталасып жүрген кезең еді. Осының бәрі кітапта баяндалатын оқиғалардың болуына кедергі болуға тиіс еді. Алайда кейде өмірде адам сенгісіз ғажайыптар орын алып, кез келген нәрсеге илана бастайсың. Арланның хикаясы — ол сенім туралы хикая. Өз-өзіне ғана емес, қол ұшын созатын мүлдем бейтаныс жандарға деген сенім. Жақынының игілігі үшін соңғысын беруге дайын достарға деген сенім. Үмітін үзбейтін және қанша қажет болса да — бір апта, айлар немесе жылдар бойы күтуге дайын туған-туысқандарға деген сенім. Бірақ ең алдымен, бұл — Құдайға деген сенім. Ешқандай дінсіз, күштеусіз, міндеттеусіз, соқыр сенімсіз. Бізді ең жарқын түстеріміз

*де көрінетін армандарымызға жетелейтін Жаратушыға
деген кіршіксіз сенім.*

1-тарау

*«Ең алдымен құны емес, құндылығына қарау керек».
Роберт Кийосаки, кәсіпкер, мотивациялық спикер,
кітаптардың авторы.*

— Сен не, өзінді ерекшемін деп ойладың ба?!

Арлан мұндай сұрақтан кейін жүзі сұрланып кетті. Ақша табу үшін маңдай терінің бір тамшысын да төкпеген, ақшаны оңды-солды шашудан басқаны білмейтін өзімшілден мұндай сөзді есту жанына қатты батты.

— Мен өмірде бірдеңеге қол жеткізуге ұмтылатын кез келген қарапайым адам сияқты еңбек еттім. Ал сен бұл уақытта осында, Малайзияда оқыдың. Екеуміз мүлдем басқа жолмен жүріп өттік, — деді Арлан сабырлы үнмен.

— Содан не?! Менің білімім сенікінен әлдеқайда терең. Мақсатым қандай екенін сен елестете де алмайсың!

Арлан үндеместен тамағын жей берді. Жаманбек наразы кейіппен мырс ете қалды. Арланның еш селт етпейтін байсалдылығы оның жынына тиетін. Міне, соңғы бірнеше күнде ол өзіне мүлдем ұқсамай кеткен. Бірінен соң бірі туындап жатқан бітпейтін сұрақтар.

— Түсінбедім, сен маған ақыл үйретемін дегенің бе?! Болашақ мен сияқтылардың қолында! Ал сен кімсің өзі?! Сен ешкім емессің! Түкке тұрғысыз біреусің! Ауылдан келіп

алып, қара жұмыстан басқа ештеңе білмейсің. Кикбоксингтен жарыстар — сенің адам қатарына қоса алатын жалғыз ғана мүмкіндігің. Осы мүмкіндікті саған бергенім үшін маған рақмет айт. Соның өзінде бұл іс қолыңнан келе қоятыны екіталай, — деп кекетті Жаманбек.

Арлан Жаманбектің қорлау сөздеріне жауап бермей, үндемеуді жөн көрді. Жолдасының мінезін жақсы білетіндіктен, олардың сөз таластыруы үлкен жанжалға ұласқанын қаламады. Адам бойындағы үш асыл қасиеттің бірі — керек кезде үнсіз қалу.

— Не болса да, кешкі асқа рақмет, — деп Арлан біразға созылған үнсіздіктен кейін бірінші болып тіл қатты.

— Әй, қайда барасың?! Біріншіден, мен әлі тамағымды ішіп болған жоқпын! Екіншіден, сен менің барлық сұрақтарыма жауап бермедің! Орныңа отыр!

— Мен саған айттым ғой, Жама, тағы да қайталаймын: білгенімнің бәрін саған айтып бердім.

— Қайдағыны айтпа! Үнемі бірденені мінгірлейсің де отырасың. Бәрін ашық айт, сонда бәрі де жақсы болады. Опонай емес пе?

— Мен түсінбеймін. Майлы жілік саған тиді. Ойын автоматтары бизнесіндегі үлес — талай жылға жететін алаңсыз өмір деген сөз ғой. Саған тағы не керек? Ол жілік түгелімен менікі! Неге бір үлесі ғана маған, ал қалғаны ше?! Неге мен біреумен бөлісуім керек?!

— Өйткені бизнес осылай жұмыс істейді: егер онда бір-

неше адамның үлесі болса, дивидендті де барлығы алады,

— Арланның ұзаққа созылған сұрақтардан шаршағаны байқалып тұрды.

— Дивидендтер, — деп қарқылдап күліп жіберді Жаманбек. — Бір ақылды сөз жаттап алып, осындай істерді менен жақсы білемін деп шештің бе? Мен сонда ақымақпын ба? Үлес дегеннің не екенін өзім-ақ білем. Қалай көбірек алуға болатынын білгім келеді. Жо-жоқ, маған бүкіл табыс керек. Тиынына дейін! Қалғандарын ысырып тастап, істі жалғыз өзім жүргізгім келеді, түсінесің бе?! Сондықтан маған ақпарат керек: сандар, есімдер, заңның қитұрқы тұстары. Ағамның сені барлық істен хабардар етіп отырғанын жақсы білем. Неге дәл саған сенді екен — білмеймін, бірақ қазір бизнестің иесі — мен. Сондықтан бәрін жайып сал. Енді сенің бастығың мен, бүгіннен бастап бәрі де менің мойнымда. Айт! — деді Жаманбек ашуға мініп.

Арлан терең күрсініп, еріксіз жұдырықтарын түйді. Оның шамына тиіп, ашуын шақыру оңай емес еді. Ата-анасы берген тәрбие орынсыз ашуға бой алдыруға жол бермейтін. Күш көрсетпей-ақ, ымыраға келуге, мәселені көптеген бейбіт жолдармен шешуге болатын еді ғой. Жаманбектің ағасы Дархан да дәл осындай ұстанымдағы адам. Туа біткен көшбасшы қасиеті бар, ісін сауатты жүргізгендіктен кәсібі қарқындап өсіп келе жатқан еді. Бәрінен жаманы — билік тізгіні бір күні өзімшіл інісіне көшпек.

Ақырында бұдан құтылу мүмкін болмады. Малайзияда

өткен уақыт ішінде Арланға екеуі нағыз дос болып кететіндей көрінген. Бірақ Жаманбек арам пиғылын білдіртті. Әсіресе соңғы күндері Дарханның бизнесі туралы сөз қозғалса болды, Жаманбек шектен шығып кететін. Арланнан білгенінің бәрін айтып беруді талап етіп, айқай-шу көтеретін болды.

— Саған не болды, Жама? Ағаңның бизнесін де, қылмысқа толы өміріңді де ұмытқым келеді деген өзің емес пе едің? Малайзияға келіп, бәрін басынан бастауды ұсынған да өзің. Жаттығып, жарыстарға қатысып, дұрыс жолға түсеміз деген едің. Маған көмектес деп жалынған да сен. Саған арқа сүйеп, спортта бірге биіктен көрінеміз дегенсің. Енді неге Ресей туралы қайта сөз қозғайсың? Ағаң туралы ше? Не үшін?

Шаршағаннан ба, әлде ашудан ба, қан құйылған Жаманбектің көздері қорқынышты көрінді. Ол Арланға қарап тұрып, ауыр демалып тұрды.

— Бауырым ретінде өтінемін, — деп жалғастырды Арлан, — кикілжіңге бармайықшы. Белгіленген жоспар бойынша әрі қарай әрекет етейік. Жақында жарыс болады, әлі талай нәрсе алда, ең бастысы...

— Жоқ... Жоқ, қарғыс атқыр! — деп айқайлады Жаманбек досының жағасына жармасып. — Маған бәрін айтасың, әйтпесе қажетімді күштеп аламын!

Арлан сөз таласының төбелеске ұласып кетпеуі үшін барын салды. Бірақ кейде адамды құр сөзбен ғана тоқтату

мүмкін емес. Ол Жаманбектің қолынан сып етіп сытылып шықты да, сыртынан айналып өтіп, мойнынан қапсыра қысып алды. Кәсіби спортшының бұл құрсауын бұзу үшін Жаманбекке орасан күш керек болды. Бірақ оның аузы бір тынбады — осы сөз тасқыны Арланның қырағылығын әлсіретті. Жаманбектің жұдырығы бетіне бір-екі рет тигенде, Арлан құтырылған қарсыласын босатуға мәжбүр болды. Құрсаудан жұлқынып шыққан Жаманбек кілт бұрылып, Арланға қайта лап қойды — енді соққылар оның денесіне жауып кетті. Сол сәтте Арлан Жаманбектің де спорт үйірмесіне бекер бармағанын сезді.

— Жама, тыныштал, өзінді қолға ал! Не істеп жатқаныңды білесің бе?!

Ол сөзін аяқтай бергенде, иегінің тұсына екі қатты соққы келіп тиді. Жаманбектің жүзінде масаттанған жымыс ойнады.

— Арлан, ақымақ-ау, төбелесте босқа мыжығынша, ойыңды жинасаң етті...

Ауыр шапалақ тигендей сарт еткен өткір дыбыс естілді. Жаманбек диван жаққа қарай аздап ұшып түсті. Кикбоксингтен спорт шеберіне үміткер Арлан басқа тебілетін соққыны мінсіз орындап шықты. Жаманбек есенгіреп, еденде біраз отырып қалды. Бір қолымен диванға сүйеніп, екінші қолымен бетін уқалады. Аяқпен шебер жасалған жойқын соққының салдарынан ернінен қан баяу ағып жатты. Жынды оттай жанған көзі Арланға қадалып, қозғалмай қалды.

— Жама, жақында жарыс. Егер жарақат алсақ, соңғы бір-неше ай бойы төккен терімізді жоққа шығарамыз.

Арлан кез келген нәрсені күтуге болатынын түсініп, қолдарын төмен түсірмеді. Соққыдан кейін жағы әлі сырқырап тұр.

— Сен мені бірінші болып ұрдың, мен тек сенің шабуылыңа жауап қайтардым. Осымен доғарайық — деді Арлан.

Арланның қол ұшын созып еді, бірнеше секундтан соң Жаманбек оны қағып жіберді. Сосын орнынан баяу көтеріліп, ауыр дем алған күйі көрші бөлмеге үнсіз беттеді.

— Жама, — деп дауыстады Арлан оған.

— Аулақ жүр... — деп ысылдады Жаманбек, есікті тарс жауып.

Бір сағаттан кейін Арлан төсегінде төбеге қарап жатты. Басында, ол Жаманбектің бұл сұрақтарды неге қайта көтергенін түсінбеді. Малайзияға ұшып келгендеріне бір айға жуықтаған еді. Соңғы уақытқа дейін Ресей туралы естеліктер оны мазалаған емес.

Есін білгелі Арланның туған жері Қазақстаннан мұншалықты алысқа ұзап шыққаны осы еді. Тілі, мәдениеті, өмір салты — бәрі де мүлдем өзгеше жат ел. Ауа райының да айырмашылығы жер мен көктей: төзгісіз ыстық, ауасы қапырық. Бала кезден үйреншікті қыс пен жаз алмасуы бұл жерде атымен жоқ. Арлан ауа райына әрең дегенде бейімделгендей. Абырой болғанда, әр ғимаратта кондиционер қалайда орнатылады, құтқаратыны сол ғана. Кондиционер бұл жерде

туған жердегі тоназытқыштай үйреншікті, аса қажет бұйым.

Мұндай күмәнді сапарға шығудан бас тартудың себептері жетерліктей-тұғын. Бірақ Арлан Малайзияға көшудің кемшіліктері туралы аса бас қатырмады. Мінезіне сай, ол өмір жолында кездескен кез келген қиындық пен мүмкіндіктен ең әуелі пайда іздейтін. Оның үстіне, бұрынғы КСРО аумағынан аттап шығу — алып қызыл империяның күйреуінен кейін әрбір жанның шынайы арманы еді.

Ал Жаманбек болса, Арланға қарағанда Малайзияда бірнеше жыл өмір сүріп, оны екінші отаным деп санайтын. Олар бірнеше жыл бұрын Ресейде танысқан болатын. Арлан Омбы қаласындағы Сібір дене шынықтыру академиясына оқуға түскен. Оны бұл қадамға итермелеген Жаманбектің әлгі үлкен ағасы — Дархан еді. Ол Арланға нағашы аға болып келетін және жиеніне көз қырын салып жүруге белгілі бір деңгейде уәде берген-ді. Дархан шетелден импорттық тауарлар тасымалдаумен, алып-сатумен айналысатын ірі ықпалды фирманы басқаратын, сондай-ақ базарлардың, спорт клубтарының иесі. Ойын автоматтарын да әкеліп сататын. Әрине, қайырымдылықпен де айналысатын. Оның клиенттері ұсақ және орташа саудагерлер, базар кәсіпкерлері мен жекеменшік компаниялар болатын. Ол кезде мың тоғыз жүз тоқсан бесінші жыл болатын, мұндай қызмет түрі әдеттегі жайт саналатын. Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін қылмыс еселеп өсті. Көптеген адам жұмысынан айырылып, ішімдікке салынып, небір сұмдыққа барды. Бұзақылық оңай әрі

қолжетімді табыс көзіне айналды: қылмыстық топтар құрылып, ұйымдасқан шабуылдар, ұрлық, алаяқтық белең алды. Ірі фирмалардың да, базардағы шағын дүңгіршектердің де иелері бизнесіне жасалар қастандықтан қорғаныс іздеді. Милиция адам мен қаражаттың жетіспеуінен күрт өскен заңсыздыққа төтеп бере алмады. Осының салдарынан Дархандікі тәрізді кеңселер пайда болды. Қарапайым халық мұны «крышалау» деп атады.

Бір реттік шабуыл мен ақша бопсалаудан бөлек, кәсіп иесін қорғағаны үшін түсетін пайдасы тұрақты, әрі мол. Сол себепті мұндай кеңселер жер-жерде ашылып, әрқайсысы қолдан келгенше көбірек сауда орнын өз қолына қаратуға тырысты. Өзге фирмалар көбіне қылмысқа бой алдырғандардан, есірткіге салынғандардан, маскүнемдікке белшесінен батқан жұмысшылардан құралған тобырды жалдаса, Дархан спортта жүрген жігіттерді жинады. Мұндай жолдың пайдасы көп еді. Кәсіп иелері де спортшымен ынтымақтасқанды жөн санайтын: оларда зиянды құмарлық та, былайғы теріс жүрісі де жоқ, сондықтан адамға деген қарым-қатынасы адал, ізгі болатын. Кейде ұзақ бірлесіп жүрген жандар жақын тартып, кейін ұрпағымен, отбасымен араласып, жылдар бойы дос болып кеткен-ді.

Арлан да көп ойланбастан Дарханға қосылды. Бойы аса биік болмаса да, шоқпардай, дене бітімі мығым жігіт мұндай іске әбден жарайтын. Жас болғанмен, өмірге көзқарасы кемелденіп қалған. Сол себепті ата-анасын әуре етпей,

өз күнін өзі көруге кірісті. Ол кезде Жаманбек Куала-Лумпурда, Малайзиядағы мұсылман университеттерінің бірінде оқып жүрген. Дархан барлық шығынды өз мойнына алатын. Жаманбек анда-санда үлкен ағасына соғып тұрды. Туыс болғаннан болар, Арлан мен Жаманбек тез тіл табысып, біраз достасып та кетті. Дегенмен мұны шын достық деу қиын еді: Арлан Жаманбекке үнемі сақтықпен қарайтын, өйткені ол үлкен ағасына қарағанда мал-дүние мен мансапқа тым құмар еді. Дархан қандас туыстарымен іс жүргізбеді жөн көретін, сондықтан Жаманбек қашан да ағасының алдында өзін-өзі тек жақсы жағынан көрсетуге тырысатын. Бірақ Арланның орны бөлек еді. Еңбекқорлығы мен іске деген шексіз адалдығының арқасында ғана ол Дарханның құрметіне бөленді. Сол себепті кейін Жаманбектің іштарлығы мен қызғанышы ешкімді таңғалдырған жоқ.

Арлан таң сәріден оянды. Жаманбек үйде жоқ екен, бұл өте біртүрлі көрінді, өйткені ол ешқашан түске дейін төсектен тұрмайтын. Мүмкін, деп ойлады Арлан, кешегі оқиғадан кейін ол досын оятуды жөн көрмей, жалғыз кетуді ұйғарған болар. «Бір-екі күннен кейін бәрі қайтып келер», — деп ойлады ол бірінші болып татуласуға баруды қажет санамай.

Олар әдетте жаттығатын спорт залына Жаманбек келмеді. Бұған да таңғаларлық ештеңесі жоқ, өйткені ол жаттығуларды жиі өткізетін. Анда-санда ішімдік ішіп, жергілікті клубтарда таңға дейін көңіл көтергенді ұнататын.

Екі сағаттан кейін Арлан үйге қайтты. Асығуға ешқандай

себеп болмағандықтан, ол жаяу серуендеуді ұйғарды. Малайзия Ресей мен Қазақстанға қарағанда Арланға бір басқа ғаламшар сияқты көрінді. Зәулім көк тіреген ғимараттар, алып ескерткіштер, көз жауын алатын әсем субұрқақтары. Әрбір құрылыстың өзіндік ерекшелігі мен қайталанбас бейнесі бар еді. Бірақ малайзиялықтардың қол жеткізген ерекше үйлесімділігі бәрінен де қатты қайран қалдырады. Олар табиғи байлықты жоймай-ақ, тепе-теңдікке қол жеткізе білген еді. Тропикалық ну орманның ғажайып әрі қалың өсімдік әлемі қаланың ғаламат сәулетімен, заманауи техникамен қатар өмір сүріп жатты.

Келген күннен бастап Арлан туған үйінен жырақтағы әлемнің қаншалықты ғажайып болуы мүмкін екеніне шын жүректен таңырқаумен болды. Ойда жоқта дүниенің екінші шетіне аттанудың бұйырғаны үшін Жаманбекке бір жағынан риза да еді. Малайзияда олар бірлесіп жүзеге асыруға дайындалып жатқан мүлдем жаңа әрі адал бизнеспен байланысты ондаған түрлі кездесулер мен маңызды іс-шараларға қатысты. Көптеген салалардағы шетелдіктермен байланыс орнатты. Малайзиядан бұрынғы КСРО елдеріне тауар тасымалдаудың жолын қарастырды. Жұмыспен қатар демалысты да ұмытпады. Ол кезде шетелге шығу адам сенгісіз нәрсе болатын, сондықтан олар әрбір бос минутты тропикалық елдің сұлулығына тамсанумен өткізетін.

Арлан демалып жатты. Кондиционердің дәл астында отырып, қапырық ыстықтан әбден шаршаған ол сәл де болса

салқындамақ болды. Есік құлпы сырт етіп, пәтерге Жаманбек кіріп келді. Ол әдетте тек ресми кездесулерге ғана кетін іскерлік костюм киіп алған екен. Арланға оның кезекті келіссөздерге жалғыз кеткені біртүрлі көрінді, және де Жаманбектің әлі де ренжіп жүргенін жоққа шығармады.

Кенет оның артынан тағы екі адам пайда болды. Сүйкімді жас келіншек. Оның артында жанарын шаршаңқылық басқан орта жастағы ер адам. Бір қарағанда, қарапайым үнділік жұпқа ұқсайтын. Қыз Арлан жаққа қарап бас изеді. Ол да сыпайылық танытып, дәл солай амандасты. Жаманбек досына салқын көзбен бір қарады да, асығыс теріс айналып кетті.

«Бұл адамдар кімдер? Бұрын Жама үйге ешкімді әкелмейтін еді, үнемі мейрамханаларда немесе бизнес-орталықтарда кездесетін», — деп ойлады Арлан иегін сипап. Мүмкін, мәселе ақша үнемдеуде болар. Соңғы кездері қаржылық істері құлдырап кеткен-ді. Жаманбек қонақтармен бірде ағылшынша, бірде малайша шұбарлап сөйлесіп жатты. Арлан кейбір сөздерді ғана үзіп-жұлып түсінгенімен, әңгіменің мәнін ұға алмады. Олар бөлмеден бөлмеге өтіп жүрді. Бірде жуынатын бөлмеде тұрып, суды қайта-қайта қосып, өшірсе, енді бірде асүйге өтіп, әлдене туралы ұзақ сөйлесті. Қыз жан-жағына қарап, қабырғаларды сипап көрді. Ол мұндай тұрғын үйді бірінші рет көріп тұрғандай, пәтердің әрбір бұрышына қызығушылықпен қарап шықты.

Арлан болып жатқан жағдайға аса мән бермеуді ұйғарып,

теледидарды қосты. Олар пәтерді тағы он минуттай аралаған соң, Жаманбек оларды шығарып салды. Есікті жауып, ол бір-неше секунд есік алдында басын төмен ұстап тұрды. Бұрылып, Арланға қарады. Мұздай суық, өткір жүзді қанжардай қадалған жанары досын тесіп жібере жаздады. Бетіндегі мысқылын жасырмай, Жаманбек өз бөлмесіне кіріп кетті де, есікті тарс жапты

Күн толық үнсіздікпен өтті. Ешкім әңгіме бастамады. Малайзиядағы бір айға жуық уақыт ішінде алғаш рет әрқайсысы өз-өзімен кешкі асын ішті. Арлан басын артық уайыммен қатырмай, алдағы жарыстарға назар аударуды ұйғарды.

Таңғы алтыда Арлан аяғынан тік тұрды. Бір-екі стақан су ішіп, ол жүгіруге шықты. Жаттығудан демалыс күні болғанына қарамастан, денені сергек ұстау керек болатын. Жарыстың басталуына санаулы ғана күндер қалғандықтан, бұл іске толық жауынгерлік дайындықпен кірісу керек болатын. Жергілікті спортшылармен спарринг өткізу өз жемісін берді. Арлан олардың әрқайсысынан оқ бойы озық тұрды, бұл оның тамаша өнер көрсететініне үміт сыйлады. Жаманбек бөлмесінің есігі кешеден бері ашылмады. Тек түнде сирек біртүрлі сыбдыр естілетін, бірақ Арлан оған аса мән бермеген еді.

— Good morning! (Қайырлы таң!)

Кезекші күзетші қолын көтеріп Арланмен амандасты.

— Хэллоу!

— Going for a run again? (Тағы да жүгіруге бара жатырсыз)

ба?)

— Ран? — деп ойланып қалды Арлан сөздің аудармасын есіне түсіруге тырысып. — О! Йес! Ран.

Арлан жүгіріп бара жатқандай қолын қозғады.

— Good luck! (Сәттілік тілеймін!)

— Сэнк ю! — деп жымыды Арлан, күннің жақсы басталып келе жатқанын сезіп.

Арлан далаға шығып, күнделікті бағытымен жүгіре жөнелді. Алдағы жарыстар өте маңызды еді, өйткені бұл өзін көрсетудің тамаша мүмкіндігі болатын. Ол Омбы академиясында төрт жыл күрес және шығыс жекпе-жектері кафедрасында оқыды. Арланның өзі Көкшетау облысындағы шағын ауылда дүниеге келген. Ауылда шаруа көп еді, соның ішінде дене күшін қажет ететіндері де жетерлік. Сондықтан бала кезінен ауыр еңбекке шыңдалып, шымыр болып өсті. Омбыға оқуға түсу оның ойында да жоқ еді. Өзі сияқты құрдастарының көбі кейін есепші, механик немесе инженер болу үшін агротехникалық университеттерге түсуді жоспарлайтын. Ол кезде аспандағы жұлдызға ұмтылмай, ата-аналарының жүріп өткен жолына қанағат ететін. Оларға анасының немере ағасы — Дархан келгенге дейін бәрі бірқалыпты болып келді. Кезінде жақсы өмір іздеп кеткен ол, ақыры жетістікке жеткен еді. Дархан Омбыда әлдеқашан бой түзеп, өз кәсібін жүргізіп жатқан. Арланның ата-анасына баласын ресейлік оқу орнына беруді ұсынған дәл сол еді. Өз ұсынысын ол сол кезде Қазақстанда мүлдем болмаған үлкен мүм-

кіндіктермен негіздеді. Арлан қуана келісті, әрі бұл шешіміне кейін бірде-бір рет өкінген емес.

Екі сағаттай уақыт өткен соң, сегіз айналымды жүгіріп өтіп, Арлан кондоминиумға оралды. Пәтердің кілті жалғыз еді, сондықтан екеуінің біреуі қандай да бір шаруамен немесе жаттығуға жалғыз кететін болса, кілтті кезекші күзетшіге тастап кететін.

«Үйде ешкім жоқ шығар. Жаманбек таңғы ас ішуге шығып кеткен болар», — деп ойлады да Арлан, жоғарыға көтерілместен, бірден кілт алуға беттеді.

Терезеге тықылдатқан дыбыс назарын аударғанша, кезекші күзетші журнал оқып отырған еді.

— Май фрэнд! Ай нид кей. Май рум.

— Key? Oh, you forgot something? (Кілт? Сіз бірдене ұмытып кеттіңіз бе?)

— Йес, кей! — деп жымиды Арлан.

Күзетші журналды қоя салып, қабырғадағы жәшікті ақтарды. Сосын маңдайынан бір ұрып:

— New residents have already settled! (Жаңа тұрғындар кіріп қойды!)

— Эм... — деді Арлан, ешнәрсе түсінбей қабағын түйіп.

— Ок. Ноу кей? Май фрэнд ин хоум, значит? Құдайым-ау, қалай түсіндірсем екен?!

Күзетші қабағын шытып, сөзін соза түсіп:

— No... Your friend is gone. (Жоқ... Сіздің досыңыз кетіп қалды.)

— Стоп-стоп! Вай ноу?

— Because you moved out from apartment. Other people have already settled there. (Өйткені сіздер пәтерден көшіп кеттіңіздер. Онда басқа адамдар кіріп қойды.)

Арлан қанша тырысып тыңдағанымен, бірде-бір сөзді түсіне алмады. Жауап ретінде ол екі қолын жайып:

— Ай донт андэрстэнд, — деді.

— Ok. Give me a second please. (Жақсы. Маған бір секунд беріңіз.)

Ол кабинаның кілтін алды да, есікті жапты.

— Let's go. (Жүріңіз.)

Арлан не болып жатқанын түсінбесе де, үндеместен оның соңынан еруді жөн көрді. Олар жоғары көтеріліп, дәлізбен жүріп өтті де, ақыры есіктің алдына келді. Аздап жөткірініп алған күзетші есікті қақты. Есік баяу ашылды, табалдырықта қолын ақ сүлгімен сүртіп бір қыз тұр еді.

— Hello. Excuse for troubling. This is a former tenant. He wants to find out. Didn't you find other things? (Сәлеметсіз бе. Мазалағаным үшін кешіріңіз. Бұл бұрынғы тұрғын. Ол білгісі келіп еді. Бөтен заттар тауып алған жоқсыздар ма?)

— Things? No, nothing. What have you lost? (Заттар? Жоқ, ештеңе таппадық. Нақты не жоғалттыңыз?) — деді ол Арланға қарап.

Күдік жоқ. Бұл нақ сол қыз. Кеше кешке Жаманбек ертіп келген қыз. Олар пәтердің жаңа тұрғындары болып шықты. Олардың бөлмеден бөлмеге өтіп, пәтерді неліктен сон-

ша мұқият тексергенін Арлан енді ғана түсінді. Жаманбек жаңа тұрғындарға пәтерді жалға беру үшін көрсетіп жүрген екен, ал оған тіс жарып ештеңе айтпаған.

— Бірақ ол неге ештеңе айтпады?! — деп сыбырлады Арлан.

— Anything else? (Тағы бірдеңе керек пе?) — деп сұрады қыз.

— Oh, no. Thank you for your help! (Ох, жоқ. Көмегіңізге рақмет!) — деп жымыды күзетші.

Арлан төменге үнсіз түсіп келе жатып, жол бойы Жаманбектің қайда кетуі мүмкін екенін түсінуге тырысты. Оның үстіне барлық заттарын, тіпті құжаттарын да алып кеткен. Ол ештеңе айтқан жоқ, тіпті хат та қалдырмапты. Жай ғана пәтерді өткізген де, заттарын алып, ғайып болған.

— Sorry. I can't help anything. I am just a worker (Кешір. Ешнәрсемен көмектесе алмаймын. Мен жай ғана жұмысшымын), — деді күзетші өкінішпен.

— Джаст э воркер, — деп қайталады Арлан, тіпті аудармасын да білместен.

Оның жанары алдындағы бос кеңістікке қадалған. Шашылған бөлшектер баяу болса да, бір үлкен суретке бірігіп жатты.

Арлан адамдардың жақсы жаққа өзгере алатынына соңына дейін сенетін. Жаманбекті танығалы бері ол әрдайым тәкаппар, тек өзін ғана ойлайтын өзімшіл еді. Ешкімді менсінбейтін. Бәрінен өзін жоғары санайтын. Жаманбекті тәу-

бесіне келтіре алатын жалғыз адам оның ағасы — Дархан ғана болатын. Соңғы апта бойы Жаманбек одан Ресейдегі бизнес туралы ақпаратты тынбастан сұрап, қазбалай берді. Ол бұл ақпаратқа қатты қол жеткізгісі келгені соншалық, жиі шектен шығып, тура мағынасында истерикаға салына-тын. Сол күнгі кештегі төбелес, сірә, Арланнан тым болмаса бірдеңе біліп алудың соңғы талпынысы болған шығар. Бірақ, көрініп тұрғандай, ол енді көмекті қажет етпеймін деп шешкен сыңайлы. Түнде оның бөлмесінен шыққан шу асығыс зат жинаудан туындағаны анық.

Арлан барлық белгілерді жинап, оларды өзара байланыстырды, енді өз күдігіне толықтай сенімді болды. Жаманбек оны тастап кетті. Мұны ол әуел бастан жоспарлады ма, белгісіз. Бірақ болған іс болды. Жаманбек оны қалтасында көк тиыны жоқ, құжатсыз, туған жерінен жырақта жалғыз тастап кетті. Мүмкін ол Арланның өлімін тілеген де болар. Әйтпесе, құжаттарды алып кетудің не қажеті бар еді?! Жаманбек сияқты адамдар тек өз мүддесі үшін қажет болғанда ғана өзгеруге қабілетті. Арлан мұны енді ғана түсінгені үшін өзін-өзі кінәлады.

— Қандай ақымақ едім, — деді ол бұрынғы тұрған үйінің жанындағы орындықта отырып.

Арлан бала кезінен-ақ адамдармен тез тіл табысып, достасып кететін. Ол тек құрдастарымен ғана емес, ересек адамдармен де жақсы қарым-қатынаста болды. Олардың арасында көршілер де, мұғалімдер де, жақын маңдағы дүкендер-

дің сатушылары да бар еді. Ақкөңілділік, тәрбиелілік, көпшілдік — достықтың дәл осындай өлшемдері оның санасына бекіп, кейіннен солардың негізінде жаңа қарым-қатынастар қалыптастыратын. Арлан ақымақ адам емес еді, бірақ ол адамдардың адалдығына шын жүректен сенетін. Жаманбек бір қарағанда сүйкімсіз адам болып көрінгенімен, оның бойында да өзгеруге деген үміт сәулелері бар еді. Арлан адамдардың қашан да, қай жерде де түзеле алатынына сенді. Бірақ ол қателесті. Жаманбектің іс-әрекеті соның ең айқын мысалы болды. Арланның кеудесі қуыс тартты. Ол қазіргі сәтте не болып жатқанын әлі толық түсінбесе де, жақындап келе жатқан дауылдың гүрілін анық естіді.

2-тарау

«Көпшілігі ұлы болуға құмар, бірақ тек сол ұлылардың ғана қолынан келетін істі жасайтын уақыт келгенге дейін».

Эрик Томас, мотивациялық спикер.

Жаңа күн қаншалықты керемет басталса да, оның қалай жалғасатынын және немен аяқталатынын ешқашан білмейсің. Арлан терең күрсінді де, өзіне біраз пана болған үйден алыстай берді. Орындықта құр босқа отыру оның еңсесін бастып, әрекетсіздік хал-жайын одан бетер қиындата түсті. Жай ғана серуендеп, бұдан әрі не істерін ой елегінен өткізу әлдеқайда пайдалы болады деп шешті. Ол қайда бара жатқанын өзі де білмеді. Әзірге нақты іс-қимыл жоспары пісіп-жетіле қойған жоқ еді, бірақ Арлан қол қусырып отырып, біреу келіп құтқарар деп қол қусырып отырмақ емес. Ресейдегі қатал өмір оны тек өзіне ғана сенуге баулыды. Аспаннан бірдеңе түседі деп күтпестен, ол әрқашан бір үзім нанды өз еңбегімен табуға тырысатын.

Куала-Лумпур — ерекше қала. Көше бойымен жүріп келе жатып, Арлан айналадағы көріністерге тамсануын қоймады. Мүшкіл жағдайына қарамастан, ол көтеріңкі көңіл-күйін сақтауға тырысты. Қаланың соншалықты тазалығы оны әлі де таңғалдыратын. Бұл тек ғимараттардың сыртқы келбетіне

ғана емес, көлік жолдары мен жаяу жүргіншілер жолдарына да қатысты еді. Көліктің көптігіне қарамастан, ауада тропикалық гүлдердің хош иісі аңқып тұрды. Мұның бәрі қаланың сансыз бақтардың жасыл желегіне оранып жатқандығының арқасы болатын. Жаяу жүргіншілер жолының бойында бірнеше метр сайын биік пальмалар қатарласа өсіп тұрды, соның әсерінен екі жақтан қоршаған шексіз тоғайдың арасымен келе жатқандай әсерде боласын. Арлан басын көтеріп, көз тоймас сұлулық пен орнаған тыныштыққа арбалып, үнсіз алға қарай жүре берді.

Тағы бір артықшылығы — ауыз суы бар арнайы субұрқақтарды оңай табуға болатын. Кез келген мекемеден бір стақан салқын суды тегін сұрауға немесе әжетханасына кіріп шығуға болатын еді. Жергілікті тұрғындар өте мейірімді әрі туристердің толассыз легіне үйренген, сондықтан оларға лайықты қонақжайлылық танытатын.

Арлан Куала-Лумпурдың орталық саябағына қарай аяңдап жол тартты. Орысша сөйлейтін туристерді кездестіре-рмін деген үмітпен ол дәл сол жаққа баруды ұйғарды. Сондай-ақ, Жаманбекпен бизнес мәселелерін шешіп жүргенде кездескен бірнеше таныс адамдарды да сол жерден жолықты-руы мүмкін еді. Екі сағаттай жол жүрген соң, Арлан сәл тынығып алайын деп, жол бойындағы витриналардың алдында үстелдері көрді. Арлан көлеңкедегі бос орынға жайғасып еді, оған қара торы, толықша келген үнді жақындады.

— Hello! Would you like something? (Сәлем! Не қалайсыз?)

— деп ол сыпайы сұрап, жымиды.

— О, жоқ! Ноу, ноу! — деп қолын бұлғады Арлан.

— May be some drinks to start? (Бәлкім, бастамасына сусын ішерсіз?)

— Сэнк ю. Ноу.

Үнді шаршаңқы мейманға қарап ойланып қалды. Ол кетіп қалып, біраз уақыттан соң бір стақан сумен қайта оралды.

— Ноу, сэнк ю. Ноу мани, — Арлан төлейтін ақшасы жоқ екенін ыммен түсіндірді.

— It's ok (Бәрі дұрыс), — деді де, үнді үстел басына жайғасты.

— You are not local, right? (Сен жергілікті емессің ғой, дұрыс па?)

— Ай донт андерстэнд, сорри. Ай спик англиш литл.

— Ok. Where are you from? (Жақсы. Қай жақтансың?)

— Қайданмын? Эм, ай фром Казахстан. Ресейдің жаны.

— Russia? I know Russia! (Ресей? Мен Ресей туралы естігем), — деп жымиды үнді. — What is your name? (Есімін кім?)

— Арлан.

— I am Suresh. I am from India. Nice to meet you (Менің атым Суреш. Үндітаннанмын. Танысқанымға қуаныштымын), — деп жауап берді ол Арланға қолын созып. — Everithing is fine? You look tired. What's wrong? (Бәрі дұрыс па? Шаршаңқы көрінесің. Бірдеңе болды ма?)

— Вронг? Бірдеңе болды ма, иә? — Арлан сөзді есіне

түсіруге тырысып, сәл кідірді. — Ай эм спортсмен. Спорт ю ноу? Энд...

Арлан бейтаныс үндіге сақтықпен қарады. Басындағы жағдайды кездескен бірінші адамға айтудың қажеті бар ма екен деп ойланды. Бірақ салқын су құйылған стақанға көзі түскенде, күмәні сәл де болса сейілді.

— Ай эм лост. Литтл.

— Oh it's sadly. Where is your family? Friends? (Ох, бұл өкінішті. Ал отбасың қайда? Достарың ше?)

Үндінің сөйлеу мәнері өзгешелеу, сол себепті Арланға таныс сөздерді ұғып алу әлдеқайда қиынға соқты. Бірақ Суреш мінезі ашық әрі мейірбан адам болып шықты, сондықтан тілдік кедергіге қарамастан, Арланға онымен сөйлесу жайлы болды.

— Итс ок. Ай гоу хоум. Нау.

Үсті-басы шаң, қалжыраған Арлан бәрі тамаша адамға мүлдем ұқсамайтын еді. Суреш иегін қасып, бейтаныс жолаушыны басынан аяғына дейін қарап шықты.

— Are you hungry my friend? Wait a minute. Ok? (Қарның аш па? Бір минут күте тұр, жақсы ма?)

Суреш үстел басынан тұрып, тапсырыстарын күтіп отырған адамдарға барды. Содан кейін ол дәмхана есігінің артына кіріп көзден тыс қалды. Бірнеше минут отырғаннан кейін Арлан әрі қарай жолға шықпақшы болып жатқанда, кенет Суреш екі тәрелкемен қайтып оралды. Жымиып, сыпайы бас изеді де, оларды Арланның алдына қойды.

— Тамақ?! Бірақ жоқ... Суреш, сэнк ю. Ноу мани.

Хош иісі мұрын жаратын тәбет ашар тамақты көргенде Арлан сілекейін жұтты.

— Never mind Arlan. It's at my expense. We are all brothers on the earth and should help each other. (Алаңдама, Арлан. Бұл менің есебімнен. Жер бетінде бәріміз бауырмыз және бір-бірімізге көмектесуіміз керек.)

Суреш ыммен Арланға ақша керек емес екенін түсіндіріп, тамақтануды ұсынды. Арлан өзін риясыз тамақтандырған қарапайым еңбекқор үндіге қарап, оның жомарттығына ризашылықпен жымиды. Кеше кештен бері Арлан нәр татпаған еді. Екі сағаттық жүгіруді ескерсек, оның көп қуат жоғалтқаны соншалық, тек су ішумен қанағаттану аздық ететін. Тамақтанып алған соң Арлан қоштасарда ақкөңіл үндінің қолын қысып, тағы да алғысын білдірді. Суреш бір иіліп, қиын кезде келіп тамақтанып тұруына болатынын айтты. Үндінің игі ісі мен сөздері Арланның жүрегін жылытып, жақсылыққа деген үмітін үзбеуге септігін тигізді. Орталық саябаққа дейінгі ұзақ жол қайта жалғасты.

Егер діттеген жерге дейін тіке жол тарту мүмкін болғанда, оның өзі жиырма бес шақырымдай болатын еді. Арлан бұл туралы ойламауға тырысты. Оның бойында дәл қазір ауадай қажет болып тұрған күш-қуат пайда болды. Төбеден түскен белгідей, осындай қиын сәтте мүлдем бейтаныс адамның пайда бола кетуі ғажап еді. Өмірде қиын сәттер үнемі кездесіп тұрады, кейде олар тұтас бір кезеңдерге ұласады. Көп-

шілік адамның дәл осы сәтте созылған көмек қолына бұрын-соңды болмағандай мұқтаж екенін түсіне бермейді. Арланның Сурешті жолықтырғаны -тағдырдың сыйы еді. Ешқандай материалдық байлық қарапайым адами қолдауды алмастыра алмайды. Өзгелердің өмірін мәнге толтыратын қарапайым ғана бір ауыз жылы сөз. Адамдардың жарқын күндерге барар жолда тау қопаруына себеп болатын серпін.

Түн ортасына қарай адамдар мен көліктердің қарасы айтарлықтай азайды. Суреш берген тойымды астың арқасында Арланның бойында әлі де күш-қуат бар еді. Бірақ жартылай бос жолдармен жүру қауіпті бола бастады. Жергілікті тәртіп сақшыларының жалғыз келе жатқан күдікті жолаушыға назары аууы мүмкін. Тәуекелге бел буатын уақыт емес. Сондықтан Арлан айналасы ағаштар мен бұталармен қоршалған бірнеше ағаш орындықты тауып алды. Бұл орын негізгі көшеден бес метрдей жерде орналасқан еді, алайда түнгі қараңғылықта орындықта жатқан адамды көру мүмкін емес-ті.

Алаңсыз тәтті ұйқыға дайындалып жатып: «Сібірде ада-сып кетпегенім қандай жақсы болған екен», -деген ойдан күліп жіберді Арлан, өзін-өзі жігерлендіріп қойып.

3-тарау

«Шешім қабылдаған сәтте тағдырыңыз қалыптасады».

Тони Роббинс, америкалық жазушы, кәсіпкер, мотиватор, бизнес-тренер.

Бес шақырым. Он шақырым. Жиырма бес шақырым. Ауылда жүргенде Арлан мұндай қашықтықтарды оп-оңай еңсеретін. Әрине, жүгіруге біраз уақыт кетер еді, бірақ бұған үш күндей уақыт жұмсалмасы анық. Ауылдың шаңдақ жолдарымен марафонға қатысу бірнеше миллион тұрғыны бар алып шаһардың ішіндегі азапты жолдан әлдеқайда жағымды әрі жылдам болатынын ол елестете де алмаған еді. Ал ең қиын сынақ — қырық градустық төзгісіз аптап ыстық болды. Жолдың екінші күні ешқандай оқыс оқиғасыз өткенімен, қуанарлықтай ештеңе де болған жоқ.

Екінші күннің ең қиын сынағы — тасжолдар болды. Уақыт жоғалтпай, діттеген жеріне тезірек жету үшін Арлан тасжолдар арқылы жолды қысқартуға тырысты. Өтіп жатқан көлік гуілінен бөлек, көлеңкелі жерлердің мүлдем болмауы үлкен мәселеге айналды. Тек алға бастайтын бітпейтін жол. Ақырында тасжолды артқа тастаған Арланның әрі қарай жүруге дәрмені қалмады. Ол кешті шағын саябақта, ағаш саясында өткізді. Жарты литрлік шөлмектің түбіндегі бір-екі

жұтым су тамағын аздап жібітті. Бірақ ұйқыға аш қарынмен жатуға тура келді.

Үшінші күні қалжыраған Арлан көше бойында шексіз тізбектеліп салынған екі қабатты ғимараттардың жанынан өтіп бара жатты. Жақында ғана бос тұрған дәмханалар мен тез тамақтану орындарына енді келушілерге лық толды. Арлан қолсағатына қарады. Оның ойлағанындай, бәрі түскі үзіліске шыққан екен. Кенет қарны бүріп ауырып, іші қатты күрілдей бастады. Арлан бүйірін ұстаған күйі көзіне түскен бірінші бағанаға сүйене кетті. Бойынан күш-қуаты баяу кетіп жатты, ал тәнінде әл-дәрмен қалмағанын білдіріп тұрғандай. Арлан аштық сезімін сәл де болса басу үшін тым болмаса бір үзім нан жеуге қуанышты болар еді. Бірақ адамдардан қайыр сұрау немесе тамақ іздеп қоқыс жәшіктерін ақтару туралы ой оған ұнамады.

Арлан алыстағы Петронас мұнараларына баяу көз тастады.

— Бір сантиметрге де жақындаған жоқпын, — деді ол сәл қарлыққан дауыспен.

Бір көлеңкеден екіншісіне жүгіріп өтіп жүріп, Арлан барынша өзін-өзі қамшылауға, босаңсымауға тырысты. Кейде ағаштардың астындағы мақпалдай көк шөпке құлай кетіп, ұйықтағысы келетін. Тек бір ғана ой оны тоқтататын: ол қайта ояна ала ма.

Күн баяу батып, кей тұста зәулім ғимараттардың тасасына жасырынып жатты. Арланға тіпті қазірдің өзінде күн,

оның соңғы демі қалғанша бойындағы бүкіл нәрін сығып алуға тырысып жатқандай көрінді. Тас төселген жаяу жүргіншілер жолында аяғын сүйрете басып, ол автобус аялдамасына әрең жетті. Қатты шаршағаннан кірпіктеріне қорғасын байланғандай ауырлап, адамның сұлбасын әрең байқады. Іскерлік костюм киген, қолында дәу сөмкесі бар ер адам телефонмен сөйлесіп тұр екен. Арлан оның иығына жайлап қол тигізді:

— Мистер... Хау ми... э... гоу ту централ парк? Петро... нас?

Ер адам Арланға жақтырмаған кейіппен қабақ шыта қарады. Ол «Мистер» деген сөзден басқа ештеңе түсінбеді. Телефонды иығы мен жағының арасына қыстырып қойып, ол қалталарын ақтара бастады, содан кейін Арланның қолына бір ринггит ұстатты*. Ақшаны көргенде Арлан басында таңғалып қалды. Жағдайдың мән-жайын тез ұға қойған ол ақшаны қайтарып беріп, мазалаған себебін қайтадан түсіндіруге тырысты. Бірақ ер адам телефондағы әңгімесіне кіріп кеткен еді, тек қолын бір сілтеді де қойды. Шала ағылшыншамен жөн сұраудың пайдасыз екенін түсінген Арлан әрі қарай ілбіп жүре берді. Қолына ақша түскені оның еңсесін сәл де болса көтерді. Бір ринггитке аздап күріш пен су сатып алуға болатын еді. Оның бүкіл ой-санасын тамақ жаулап алды. Аштықтың азабы Арланның бүкіл тұла бойын кеміріп бара жатты. Жанынан автобус зу етіп өте шығып, жолаушыны салқын ауамен желпіп өтті.

— Дұрыс екен ғой! — деп дауыстап жіберді Арлан қарлыққан дауыспен.

Жақында ғана Жаманбек екеуі қала орталығына, Петро-нас мұнараларына қарай барғанда автовокзалдың жанынан өткендері есіне түсті. Ол жерден мұнараларға дейін таяқ тастам жер еді. Ең жаман дегенде бір-екі сағаттық жол. Ақылға салып, ол ақшаны тамаққа жұмсағанша, жолдың бір бөлігін автобуспен қысқартқан оңтайлы шешім болады деп ұйғарды.

Біраз уақыттан кейін Арлан өзіне керек автобусқа отырды. Жол бойы терезеге қарап келе жатып, ақшаны тамаққа жұмсағанда қаншама жерді жаяу басып өтуге тура келетінін ұғынды. Қарнының күрілдегені қателескенін бетіне басқандай болды, бірақ аштық оны бұрынғыдай қатты естен тандырарлықтай емес еді. Бет алған жеріне жақындаған сайын, оның бойында өзін-өзі ұстау қабілеті арта түсті. Мұнараларға жеткенде әрі қарай не болатыны туралы Арлан ойлағысы келмеді. Оған кім көмектеседі, жалпы көмектесе ме өзі?! Қазір ол тек демалғысы ғана келді. Жағымсыз ойлар мен қарнының ашқанын ұмыттыратын жалғыз нәрсе — қатты ұйқы еді.

* *Ринггит* — Малайзияның ұлттық валютасы.

— Maaf, kami tiba!

(Кешіріңіз, біз келдік!) Автобус жүргізушісі Арланның иығынан жұлмалап оятып жатты.

— Иә... иә, шығамын, — деп күңкілдеді Арлан орнынан тұрып, шығаберіске беттеді.

Автобекет сұр түсті, көзге түсер ерекшелігі жоқ алып ғимарат еді. Бұл іс жүзінде барлық қалалық бағыттар өтетін өзіндік бір торап болатын. Автобустар жарты минут сайын келіп-кетіп жатты. Жүздеген шамдармен жарықтандырылған кешкі уақытта ол күндізгіге қарағанда әлдеқайда жайлы көрінді. Арлан әжетхананы табу үшін ішке кірді.

Малайзия бекетінің сәулеті мен техникалық жабдықтауын посткеңестік елдердің бекеттерімен салыстырудың еш мағынасы жоқ еді. Тек электронды ақпараттық тақтасының өзі Ресей мен Қазақстанның дамуынан талай жылға озып кеткенін көруге болатын еді. Арлан алып залдың ортасында әжетхана белгісін іздеп, жан-жағына қарайлап тұрды. Оған жақын манда дәмхана орналасқан еді. Арланның көзі оған еріксіз түсе берді. Адамдардың тамақты екі ұрттап жеп жатқанын көріп, сілекейін жұтты. Бір сәтте бұл төзгісіз сынақ болғаны соншалық, ол кілт бұрылды да, кері қарай жөнелді.

Арлан әрбір нұсқама белгісін мұқият қарап, асықпай жүріп келе жатты. Кенет тамақтану аймағында үстел басында отырған жас қыз оның назарын аударды. Ол ішінде сэндвичі бар пластик ыдысты ұқыпты жауып жатты. Бөтелкедегі судан бір-екі жұтым ішкен соң, заттарын жинап, кетіп қалды. Арланды сэндвич қатты қызықтырды. Бұл жолы аштық басқа сезімдердің бәрін жеңіп кетті. Бірнеше минуттан кейін Арлан кіреберістегі дала орындығында отырып, әрбір тісемінен ләззат ала сэндвичті асап жатты. Оған өмірде бұдан

дәмді ештеңе жеп көрмегендей көрінді. Әрине, бір сэндвич аздық етеді, бірақ бәлкім, дәл осы тамақ бет алған жеріне жетуге мүмкіндік беретін қажетті қуат қорын берер.

Ақыры әжетхана да табылды. Арлан ең алдымен шүмектен су ішіп алды. Тамағының кеуіп кеткені соншалық, судың тазалығы туралы ол тіпті ойлаған да жоқ. Аздап жеңілдеп қалғанын сезінген Арлан баяу көзін көтерді. Алдындағы көрініс оны есеңгіретіп жібергені соншалық, жұдырығын түйген күйі селк етіп артқа секіріп түсті. Айнадан оған мүлде бейтаныс адам қарап тұр еді. Сабанға көбірек ұқсайтын, ұйпалақтанған майлы шаш. Бетінің жартысын жапқан өсіп кеткен сақал-мұрт. Күннің астында ұзақ жүргендіктен, терісі кей жерлерде сыдырылып, тұтас кесектермен жұлып алуға болатындай жағдайға жеткен. Жаңа футболкасы дәл қазір отқа жаға салуға болатындай шаң басқан кірқожалақ шүберекке айналыпты. Бетінің бәрі кірден айғыздалып, көзінің асты қарайып ісіп кеткен, ал жанарындағы нұр сөніп, өмірлік оты өшкендей еді.

Арлан соңғы үш күнде кімге айналғанын көру үшін жақынырақ келді. Адамдардың жол-жөнекей оны көргенде неліктен қашқақтайтынын ол енді ғана түсінді.

— Саған не болған, Арлан. Саған не болған...

Ол қолдарымен қолжуғышқа сүйеніп, тамағына кептелген өксікті жұтуға тырысып, басын төмен салды. Бір сәтке оны түсініксіз үрей биледі. Осы бір мағынасыз жолды аяқтағысы келді. Ол — жай ғана барып полицияға беріле салу. Ал одан

әрі не болары бір Құдайға аян. Оған не істесе де — бәрібір. Темір тордың артына қамай ма, жүздеген мың айыппұл сала ма, әлде қандай да бір қылмыскердей елден қуа ма. Ең бастысы, өзін бұдан былай мұндай күйде көрмеу.

Арлан көзін жұмды. Бөлмені шүмектен аққан судың сылдыры кернеді. Санасы естеліктер әлеміне қарай зымырап бара жатты. Міне, темір түтіктен аққан жасанды сарқыраманың дауысын ағып жатқан өзеннің шуы басып кетті. Міне, Арлан, әлі кіп-кішкентай балақай, судың бетіне қарап жағада отыр. Қолында қып-қызыл піскен жұмақ алмасы. Бір-екі рет тістеп, одан жаңа ағаштар өсіп шығар деген үмітпен қалдығын суға лақтырады. Кенет біреу оның қолынан ұстайды. Артына бұрылып қараса, анасы мен әкесі тұр екен. Ата-анасы оның қолдарынан жоғары тартқанда, Арлан атып тұрып, аяғына нық қонады. Оның соншалықты нық тұрғаны өзін де аздап таңғалдырады. Аяқтары уақыт қирата алмайтын екі құдіретті бағанаға айналғандай. Балақай ата-анасына күлімсіреп алғыс білдіру үшін басын көтереді, бірақ олар кенеттен ғайып болады. Арлан көзін ашты.

Оның ең бірінші көз салғаны өз аяқтары болды. Ол бұрынғыша аяғында нық тұр еді. Олар бұрынғыдай оған адал қызмет етіп келе жатқан. Арлан қаншалықты алысқа кеткісі келсе де, олар әлі де жолды жалғастыруға дайын тұрды.

— Тек алға! — деді ол айнадағы бейнесіне жымыып қарап.

Унитазда отырып ұйықтау айтып жеткізгісіз азап еді. Арлан өзінің сыртқы келбетін бағамдап алғандықтан, бекет за-

лында отыру жергілікті күзеттің, тіпті полицияның назарын аударатынын түсінді. Түнді әжетханада өткізіп көруге тура келді. Арлан алдын ала бірнеше таспа дәретхана қағазын жұлып алып, унитаждың пластмасса қақпағына ұқыпты төсеп шықты. Байқаусызда бүйіріне құлап кетіп, қабырғадағы бүкіл кірді бетімен сүртпес үшін ыңғайланып орналасып, ұйқыға кетті. Ұйқысы үзік-үзік болды. Арлан қайта-қайта оянып, қайта ұйықтап жатты. Бөлменің әр қуысына сіңіп қалғандай көрінетін несептің жиіркенішті иісі ұйқысын одан сайын ұмытылмастай сезімдерге бөледі. Таңғаларлық ештеңесі жоқ еді, өйткені бекет келушілерінің үлкен легі бұл бөлмені іс жүзінде үзіліссіз пайдаланатын.

Арланды бөлме есігін жұдырықпен қатты ұрған дыбыс оятты. Арғы жақта әлдебіреу малай тілінде айқайлап жатты. Ұйып қалған арқасын жазып, Арлан есікті ашты. Оның алдында басында фуражкасы бар, форма киген ұзын бойлы жігіт тұрды. Жанында қолына үлкен кілттер шоғырын ұстаған, арық келген егде жастағы шал тұр екен. «Күзетшілер сияқты», — деп ойлады Арлан да, бөлмеден баяу шықты.

— Сорри! Ай... Бад, — деп түсіндіруге тырысты ол, ішін қолымен уқалап, ауырсынған түр танытып.

— Ok. Go out! (Жақсы. Шығыңыз!) — деді сақшы қатан үнмен.

— Окей, окей.

Бөлмеден ең соңында шал шығып, есікті құлыпқа асығыс жауып тастады. Күзетші қолымен сыртқа қарай нұсқап, со-

дан кейін алдында қолдарын айқастырды.

— We closed! Go out! (Біз жабықпыз! Шығыңыз!)

Арлан жақында ғана, соңғы бірнеше күнде алғаш рет тамақтанған дала орындығына қайтып оралды. Полициядан тығылатын орын іздеуге ешқандай құлқы болмады. Арлан қолын бүгіп, басын қойып, барынша ыңғайлы жайғасты. Үй, анасы мен әкесі туралы естеліктер оны тыныштандырып, ұйқыға баулыды.

Келесі күн басынан-ақ сәтсіз басталды. Таңертең оны полицей оятып, қаңғыбас деп ойлап, қуып жіберді. Соның салдарынан екі сағаттық жол деп болжанған бағыт бүкіл күнге созылды. Бұл жолы оған ешкім де құтқарып қалатын ринггитті бермеді. Жол-жөнекей жеуге жарамды бірдене табудың да сәті түспеді. Оны аман алып қалған жалғыз нәрсе — әрі қарай жүрген сайын ауыз суы бар субұрқақтардың жиі кездесуі еді. Ол қоқыс жәшігінен кішкене мата қиындысын тауып алды, оны суға малып, күн өтпес үшін басына орап алды.

Арлан Куала-Лумпурдың орталық саябағына кіргенде күн әлдеқашан батып кеткен еді. Автобуспен жүрудің арқасында жолға кеткен уақыт төрт есеге жуық қысқарды. Оның үстіне жұмсақ орындықта мызғып алудың сәті түсті, бұл куантпай қоймайтын. Арлан ішке қарай жүріп өтіп, орындыққа отырды. Орталық саябақ керемет әдемі екен. Ол кезде туған жерінде мұндай орындар мүлдем атымен жоқ болатын. Саябақ сәулет өнерінің туындысына ұқсайтын. Петро-

нас мұнараларының етегіндегі құрылыстардың бір-бірімен үйлесімділік тапқаны соншалық, мұның қарапайым серуендеуге арналған саябақ екеніне сену қиын еді. Көптеген тропикалық ағаштар мен жалпақ жапырақты пальмалар ішке қарай бастайтын жол бойында серік болды. Жолдар әртүрлі өрнектер түріндегі тастармен төселген, бейнебір өздерінің ирек суреттерімен еруге шақырып тұрғандай еді. Арланның өкпесі таза тропикалық ауаға толды. Ол ұшы-қиыры жоқ ыстық шөл даланың ортасынан аңсаған оазисті тапқандай сезімде болды. Ол жай ғана мақпалдай шөпке құлай кетіп, ағаш жапырақтарының арасынан жұлдыздарға қарап жатқысы келді. Ол бұдан асқан ләззатты елестете де алмайтын.

Арлан адамдардың қарасы азайған түнгі уақытты күтті. Содан кейін пальмалардың бірінің астындағы жасыл көгалға жайғасты. Керемет табиғаттың сирек кездесетін, бірақ өте үлкен кемшілігі ол жәндіктер еді. Ылғалды ауа мен қалың өсімдік алып қоңыздар, өрмекшілер мен шаяндардың өмір сүруіне тамаша жағдай жасаған. Кейде өмірдегі қиындықтар оны денесінің үстімен жүгіріп өткен сегіз аяқты мақұлықтай қатты қорқыта алмайтын сияқты көрінді. Бірақ ең жаманы — улы өрмекшінің немесе шаянның шағып алуы еді. Арлан ауылда да жәндіктердің жетерлік екенін, бірақ олардың көпшілігі зиянсыз болғанын есіне алды. «Үй. Туған үйім. Қызық, әкем мен анам ол жақта қалай екен? Олар менің ұшып кеткенімді де білмейді ғой. Бәрі жақсы шығар деп үміттенемін». Жәндіктер туралы қорқынышты ойлардың орнын үй-

ге деген шексіз сағыныш басты. Ол да мұндай жағдайға тап болған кез келген адам сияқты ата-анасын, бауырларын, отбасылық ошақтың жылуын сағынды. Бүкіл отбасымен кешкі ас үстіндегі басқосулары есіне түсті. Балалық тентектігі үшін әкесінің қатаң ескертулері мен тізесіндегі жарасын сумен ақырын сүртіп, жұбататын анасының аялы алақаны. Жаңа ойындар ойлап тауып, ешқашан іш пыстырмайтын бауырларын еске алды. Ол отбасындағы әрбір адамның күлкісі қалай естілетінін есіне алды. Бұл естеліктер оның жанын жылытты. «Не болса да, үйге ораламын!» деп бел буып шешім қабылдады Ол бойындағы қайраттың соңғы тамшысына дейін сарп етеді, бірақ бұл жерден кететіні сөзсіз. Ол үйге қалай кіретінін елестетті. Әрқайсысын жүз жыл көрмегендей қалай құшақтайтыны көз алдына келді. Анасын, әкесін, бауырларын, туыстарын бір жерге жинап, олармен қалайша қауышатынын ойлады. Малайзиядағы басынан өткен шытырман оқиғалары туралы қалай айтып беретінін, және хикаясын үзбей тындап, бәрінің қандай шынайы қызығушылық тынатынын елестетті.

4-тарау

«Өмір жолында кездестіретін әр бір адам біз мұқтаждық еткен тағдыр сынағын өз уақытымен алып келеді».

Робин Шарма, канадалық жазушы, мотивация, көшбасшылық және тұлғаны дамыту жөніндегі маман.

Орталық саябақтағы таңнын атуы тұрғын аудандарға қарағанда сәл өзгеше сезілетін еді. Арлан үшін ең таңырқарлығы — оны құстардың әні оятқаны болды. Ұзын және қысқа сайраған үндер әуезді оркестрмен бірігіп кеткендей еді. Ол бұрын-соңды мұндай дыбыс әралуандығын естіген емес. Бұл симфония алып саябақты кернеп, оған ерекше сиқырлы әсер беріп тұрды.

— Музыкамен өмір сүру де әлдеқайда жеңіл болатын сияқты, — деді Арлан ағаштардың ұшар басына көз тігіп.

Ауыз суы бар субұрқақтар да орындықтар сияқты жиі кездесіп отырды. Тұтас бір саябақ тек туристердің шөлін қандырып, көлеңкеде демалуы үшін ғана салынғандай сезім тудыратын. Арлан да ешкімнен қалыспай, айналасындағы жергілікті артықшылықтарды барынша пайдаланды. Бірнеше күн бойы аузына нәр татпағанына қарамастан, тіршілік нәрі — су оған қажетті қуаттың кем дегенде бір бөлігін толтырды.

Ағаш көлеңкесінде салқындап алып рахаттанды, сонымен

қатар өтіп бара жатқан туристер арасынан ТМД тұрғындарына ұқсайтын біреу кездесіп қалар ма екен деп қарап отырып, ол шалбарының томпайып тұрған қалтасына назар аударды. Сыдырмасын ашып, бір уыс мыжылған қағаздарды суырып алды. Қоданылған қолсұртетін қағаздар, жақында ғана жеген сэндвичтің қаптамасы, әлдебір кәмпиттердің қағазы. Арлан қолындағының бәрін қоқыс жәшігіне тастай бергенде, кенеттен оған таныс жазу көрінді. Үйіндінің қақ ортасында визитка жатты. Ортасында «Edrin Paul» деген жазуы бар екен.

— Эдрин Пол, — деп сыбырлады Арлан.

Соңғы екі аптадағы барлық кездесулерді саралай келе, ол Эдрин есімді адамның бейнесін көз алдына елестетуге тырысты. Таныстарының көп болғаны соншалық, белгілі бір адамды еске түсіру оңай шаруа болмады. Ұзақ ойланғаннан кейін, ақыры Эдринмен алғаш кездескен сәт жадында жаңғырды. Арланның басына бір ой сап ете түсті. Бұл Жаманбек пен Арланмен бизнес мәселелерін талқылаған ақкөңіл малайзиялық танысы болып шықты.

— Таптым! — деп дауыстады Арлан.

Саябақтың маңайын аралап жүріп, ол ақыры тез тамақтану дәмханасына тап болды. Ойына келген жоспар өте қарапайым еді. Эдринмен байланысқа шығып, көмек сұрауға тырысу. Егер бұл ой сәтсіздікке ұшыраса да, кем дегенде қазір Арлан бұдан басқа амал көрмеді. Аздап тер төгуге тура келсе де, ол мекеме қызметкерлерімен сөйлесіп, досымен

байланысу үшін телефондарын сұрап алды. Жүзінен күлкі кетпейтін қытайлықтар артық сұрақсыз-ақ, қарапайым туристке жәрдемдесе кетті. Арлан оларға шын жүректен алғысын білдіріп, бойындағы бар жігерін жинақтап, нөмірді терді. Қоңырау үні. Екіншісі. Ақыры арғы жақтан бейтаныс дауыс естіді.

— Эдрин?

— No, it's not Edrin. He is not here right now (Жоқ, бұл Эдрин емес. Ол қазір мұнда жоқ), — деп нәзік әйел дауысы жауап қатты.

— А Эдрин. Вер ис Эдрин? Ай нид Эдрин, — Арлан әр сөзді баяу, анық айтуға тырысты.

— Sorry. I don't understand what you are saying! (Кешіріңіз. Мен сіздің не айтып тұрғаныңызды түсінбедім!)

Арлан сұхбаттасушысына сұрақты дұрыс жеткізу үшін бар күшімен ойын жинақтауға тырысты.

— Ай эм, ай эм... қалай айтсам екен...

— Hello?! (Алло?!)

Тұтқадан қысқа гудоктар естілді. Арлан тұтқаны қатты қысып тұрды да, содан кейін оны баяу орнына қойды.

— Ол жұмыста шығар, кешке қоңырау шалғаным дұрыс болар, — деп топшылады ол.

Мекеме қызметкерлеріне тағы бір мәрте алғыс айтып, Арлан саябаққа қайта оралды. Бірнеше сағат бойы ол ойға шомып, шатасқан ойлардың түйінін тарқатуға тырысып, жай ғана отырды. Арлан әрқашан өмірге үмітпен қарайтын, қоңы-

рау шалудың бір сәтсіз әрекеті оның сағын сындыра алмай-тыны анық еді. Ол Эдринге мүлдем қоңырау шала алмауы мүмкін екенін де жоққа шығармады. Сондықтан ол басқа не істеу керектігін де ойластырды. «Маған тағы кім көмектесе алады?! Бұдан құтылудың тағы қандай жолы бар?!» Қарнының тоқтаусыз күрілдеп оған зейінін шоғырландыруға мұрша бермеді. Арлан бұл туралы уайымдамауға тырысты. Спортпен шындалған мықты тәні оны толықтай әлсіреп қалудан құтқарып тұрды.

Кеш бата Арлан сол мекемеге қайта барды. Мейрамхана қызметкерлері жолы болмаған туристі танып, қоңырау шалуға рұқсат берді. Бірнеше созылыңқы қоңырау үнінен кейін ол өзіне таныс әйел дауысын естіді.

— Эдрин?!

Өкінішке қарай, жауап бұрынғыдай болды. Бұл жолы Арланның бағы жанып, әйел оның шала ағылшынын әйтеуір әлсін-әлсін түсінді. Содан кейін баяу әрі анық Эдриннің жоқ екенін, қашан келері белгісіз екенін түсіндірді. Арлан оған егер көріп қалса хабарлама айтуын өтінейін деп еді, бірақ тілі жетпеді. Арлан шаршаңқы күрсініп, тұтқаны қойды.

Куала-Лумпур бірте-бірте күннің батуына дайындалып жатты. Көшелерді, жаяу жүргіншілер жолдары мен саябақтарды жарықтандырып, бағаналардағы шамдар жанды. Жұмыс күні аяқталып қалғандықтан, минут өткен сайын айналадағы адамдардың қарасы көбейе берді. Әуелде Арланға Малайзия мен Қазақстан екі түрлі ғаламшар сияқты көрі-

нетін. Ең алғашқы болып көзге ілінетін нәрсенің бәрі мүлдем басқа еді. Табиғаты, ауа райы, сәулеті. Ұқсас тұстарын бір қолдың саусақтарымен санап шығуға болатын. Дәл осы жерде Арлан «прогресс» деген сөздің мағынасын шын мәнінде түсінгендей. Бір биологиялық түр — адам салған қалалардың қаншалықты әртүрлі болуы мүмкін екендігі таңғаларлық.

Бірақ адамдар легінің ортасында тұрып, Арлан өмір барлық жерде бірдей екенін көрді. Бұл Ресей ме, Малайзия ма немесе Қазақстан ба, оған қарамастан. Өмірдің заңдылығы бәрінде бірдей. Таңертең бәрі жұмысқа, қызметке, жеке немесе іскерлік кездесулерге асығады. Кешке біреулері әйелі мен балаларына, үйлеріне қарай беттейді. Ал басқалары ауыр жұмыс күнінен кейін бой жазу үшін түнгі клубтар мен барларға барады. Бәз-баяғы аптасына жеті күн. Бәз-баяғы бір-екі демалыс күні. Бір сәтке Арлан осы өмір ағымына әбден сіңісіп кете алатыны туралы ойланып қалды. Болашақта Малайзияда өз орнын табу ойы үйге оралғанда күтіп тұрған жағдайға қарағанда әлдеқайда жарқын әрі үміт сыйларлықтай еді.

Әр адам өзімен-өзі жалғыз қалғанда армандай бастайды. Оны күнделікті күйбең тіршілік алаңдатпаған кезде, ол өз ойларының тұңғыығына шомады. Арлан да одан тыс емес еді. Жұлдызды аспанның астында отырып, ол көзімен жұлдыздарды тізіп, арманға берілді. Эдринге қоңырау шалып түсе алатынын армандады. Жұмсақ матрас пен жылы көр-

пе суық тартқан қара жерді алмастырса деп армандады. Жанына жақын кәсіп тауып, соған бар ынтасымен кірісуді армандады. Бәлкім, атақты спортшы да болып қалар. Егер спорттан жолы болмай жатса, онда Малайзияда оған мүмкіндіктердің шексіз көкжиегі ашылатындай болды. Арлан олардың қандай мүмкіндіктер екенін әлі білмесе де, олардың бар екенін сезді. Ал оларды табыстырған кезде, ешқашан қолынан жібермейді. Жарқын болашақ туралы армандар Арланның жанын жылытып, жаңа күш-қуат сыйлады. Субұрқақтардың сылдыры мен ағаш жапырақтарының арасындағы самал желдің гуілімен ол ұйқыға кетті.

Екі күн қатарынан Арлан бір телефон нөміріне қайта-қайта қоңырау шалумен болды. Танертең бе, түскі ас кезінде ме немесе кешке ме, оған қарамастан, үнемі баяғы бір әйелдің дауысы жауап беретін. Эдрин сол күйі жоқ. Арлан робот сияқты бір сөзді қайта-қайта қайталай берді.

Үшінші күні маңайдағы кеңселердің жұмысшылары түскі үзілістен кейін мекемеден шыққанда, Арлан қайтадан сол жерге беттеді. Жергілікті қызметкерлер әлі де қонақты күлімсірей қарсы алып, сәлемдесіп бас изеді. Олар бірден ұғып, үстелдің астынан телефонды шығарып берді. Олардың осындай үнсіз іс-әрекеттері жайсыз жағдайға тап болған шетелдіктің мүшкіл халін түсінетіндерін білдіретін.

Арланның орнындағы кез келген басқа адам, бәлкім, баяғыда-ақ үмітін үзіп, жағдайға мойынсұнып, бұл ойынан бас тартар еді. Жиырмадан астам нәтижесіз талпыныс та-

бысқа жету мүмкіндігін іс жүзінде нөлге дейін төмендетті. Бірақ Арлан бір нәрсені түсінетін. Кез келген еңбек пен төзімділік түбінде бір күні нәтиже береді. Егер кейбіреулерге бірнеше сағат қажет болса, басқаларға күтумен бірнеше жыл азаптану бұйырады. Бірақ, түптің түбінде, нәтиже бәрібір болады.

Арлан кезекті рет тұтқаны құлағына тақады. Кезекті рет жатқа біліп алған нөмірді терді. Жауап күтіп тұрып, ол жоғарыда тұрған тәбет ашатын гамбургерлер бейнеленген тақтайшаға аш көзбен қарады.

— Эдрин? — деп бірсарынды дауыспен сұрады Арлан, гуілдің аяқталуын күтіп.

Бірнеше сәттік үнсіздіктен кейін кенет ер адамның дауысы жауап берді:

— Yes. It's me. Listen to you (Иә. Бұл мен. Тындап тұрмын).

Арланның жүзі жайнап, қуаныштан қолымен басын ұстай қалды.

— Эд... Эдрин, итс ми! Эм, Арлан! Ю ремембэр?! Арлан!

— Arlan? (Арлан?) — деп ойлана қайта сұрады ол.

— Йес. Итс ми Арлан. Казахстан! Раша! Фрэнд! Ви... ви бизнес виз ю.

— Oh, yeah! Arlan, sure. I remember you. How can I help you? (О, иә! Арлан, әрине. Мен сені есіме түсірдім. Саған қандай көмегім тиеді?)

— Йес! Йес! Ай эм... лост. Ай нид хэлп! — деп әр сөзін

дұрыс жеткізуге тырысқан ол аздап кекештене сөйледі.

— Lost? Where is Jamanbek? (Адасып қалдың? Жаманбек қайда?)

— Жаманбек лефт. Ай донт ноу.

— Ok.

Эдрин болған істі ой елегінен өткізіп, біраз уақыт үнсіз қалды. Аздаған үзілістен кейін ол:

— Where are you now? (Қазір қайдасың?) — деп сұрады.

— Мен... Ай эм ин парк. Петронас!

— KLCC? Kuala-Lumpur Central Park? (Куала-Лумпур орталық саябағы?)

— Йес, йес.

— So you know about the Petronas Towers? Right? (Демек, Петронас мұнараларын білесің ғой? Дұрыс па?)

— Йес. Петронас! Биг ғимарат! Ия! Парк!

— Be there. I will arrive in fifty minutes. Ok? (Сол жерде күт. Мен елу минуттан кейін барамын. Жақсы ма?)

— Фифти минутс?! Бұл елу минут па, әлде он бес пе?! Жақсы, окей!

Арлан тұтқаны қойды, оның денесі төбесінен бақайшағына дейін шымырлап, ұзақ күткен қуаныш сезімі билеп алды. Осыншама ұзақ жол жүргеннен кейін ол ақыры Эдриннен көмек тапты. Әйтеуір бір күні жұлдызы жанатынына күмәні болмағанды. Әлде бұл кездейсоқтық па? Сірә, жай ғана кездейсоқтықтан әлдеқайда маңыздырақ бірдеңе болар.

Арлан тұрған орталық саябақ Петронас мұнараларына

іргелес аумақ болатын, сондықтан оларға жету аса қиындық тудырмады. Зәулім ғимараттар үнемі күзетте тұратын екі сақшыдай бой көтеріп тұрды. Егіз мұнараларды бірнеше шақырым қашықтықтағы кез келген жерден көруге болатын еді. Бұл адамзат дамуының айқын белгісі және елдің сәулет өнерінің мұрасы-тұғын. Арлан Малайзияға келгенге дейін мұндай орасан зор туындыны тамашалау мүмкіндігіне ешқашан ие болмаған еді.

Біраз уақыттан кейін мұнаралардың бас кіреберісіне қарай Эдрин келе жатты. Оны алыстан байқаған Арлан орнынан тұрып, қолын бұлғады. Шала танитын адамның бұл жағдайда көмектесе алатынына ол жүз пайыз сенімді емес еді, бірақ сәті түсіп онымен көрісудің өзі соңғы бір апта ішіндегі өте жағымды жағдай болды.

— Хэллоу, Эдрин!

Эдрин оған қолын бұлғап амандасты. Арлан асыра айтпай, басынан кешкенін егжей-тегжейлі айтып берді. Дегенмен, үйден жырақта, жалғыз қалып қою, ол аз ба, құжатсыз қалу — бұдан жаман жағдайды елестету де мүмкін емес еді. Жаманбектің оны тағдыр тәлкегіне салып жат елде жай ғана тастап кеткені туралы айта жатпады. Досының ақырында қандай оңбаған болып шыққанына қарамастан, бұл туралы әлсін-әлсін танитын адамға айту — ең дұрысы емес.

Жаманбектің іс-түссіз жоғалып кеткеніне Эдрин қатты таңғалды. Екінші жағынан, жеке әңгімелерде ол Жаманбектің Арлан туралы неліктен үнемі шетқақпайлап сөйлейтінін

кейде түсінбейтін. Ол досының істерге араласуына мүлде мүдделі емес сияқты әсер қалдыратын. Тіпті Арлан қастарында болғанда оның мінез-құлқы да өзгереді.

Не істерін білмей ойланған Эдрин басын қасыды. Құжатсыз полицияға жүгіну — бұл Арланды бірден заңсыз иммигранттар қатарына қосатын еді. Ал мұндай адамдармен олар көп сыпайыласып жатпайтыны анық. Депортация — ең жақсы әрі өте сирек кездесетін нәтиже болар еді. Ал басқа жолдары туралы Эдрин тіпті ойлағысы да келмеді: қыруар айыппұл, қинап тергеу, темір торға қамау және тағы сол сияқтылар. Малайзия да, басқа кез келген ел сияқты, ең алдымен әрбір азаматтың және жалпы халықтың қорғалуын қамтамасыз етеді. Ал Арланның жағдайын бөтен елге басып кіру деп батыл атауға болатын еді. Өйткені айтқанының растығын дәлелдейтін адам жоқ-тұғын.

Олар ең алдымен жақын маңдағы дәмханаға барды, онда Эдрин Арланды дәмді кешкі аспен тамақтандырды. Ерекше ештеңе жоқ. Қуырылған тауық еті мен тұздығы бар қарапайым күріш. Бірақ Арлан тамақты тезірек шайнап, асқазанға жеткізуге тырысып, екі ұрттап жеп жатты. Ол анда-санда Эдринге басын көтеріп қарап қойып, кінәлі жандай жымиятын.

— Would you like me to order something else? (Тағы бірдеңе қалайсың ба?) — деп сұрады Эдрин алдындағы табақ босаған бойда.

— А?!

Арлан оған таңғала қарап, айтқанын орыс тіліне аударуға

тырысты. Ештеңе шықпайтынын түсінген соң, ол тек алғыс ретінде бас изеді.

— Ок, — деп жымиған Эдрин касса жаққа қол сілтеді.

Алдына тауық еті қосылған күріштің жаңа табағы баяу қойылған кезде Арлан ұялып қалды. Аштық оны әлі де қысып тұрған еді. Енді бас тартудың кеш екенін түсінген Арлан ризашылықпен бас изеді. Тойғанынша тамақтанып алған соң, олар Эдриннің көлігіне отырып, жолға шықты. Арлан олардың қайда бара жатқанын білгісі келді. Бәлкім, сөздерді дұрыс қолданып, сауатты сұрақ құрастыра да алар ма еді. Бірақ ол Эдринге сеніп, үндеместен оның соңынан еруді жөн көрді.

Жиырма минуттай уақыттан кейін көлік екі қабатты ғимараттың қасына тоқтады. Арлан мұндай үйлерді Ресейде де көрген. Тек дәулетті адамдар ғана мұндай санаттағы баспананы сатып алуға мүмкіндігі бар еді. Соғылған биік дуалдар, шлагбаумы бар қақпа, күзеті бар бақылау-өткізу пункті.

— Жұрттың өмірі керемет, — деп сыбырлады Арлан.

Эдрин көлікке қайтып оралды да, езу тарта жымыып, кілттерді сылдыратты.

— New home Arlan (Жаңа үй, Арлан).

Бұған жауап ретінде Арлан екі басбармағын жоғары көтерді. Жол-жөнекей Эдрин кілтті алу үшін әпкесіне соққанын түсіндірді. Куала-Лумпурдың оңтүстігіндегі бір тұрғын ауданда оған тиесілі ескі шағын үй бұрыннан бар болатын. Онда ешкім тұрмайтындықтан, ол керек емес заттарды

сақтайтын қойма ретінде қызмет ететін.

Жолдың екінші жартысы әлдеқайда көп уақыт алды. Ақыры Селаянғқа кіру үшін оларға бір сағаттай уақыт қажет болды. Негізінен кедей халық тұратын, өзіндік ішінара инфрақұрылымы бар шағын қала үлгісіндегі кент. Арлан Селаянғ ауданы туралы ешқашан естіген емес, бірақ сол сәтте оған бәрібір еді. Эдрин оған бассауғалайтын пана береді, ал бұл дегеніміздің өзі тамаша жаңалық-тұғын.

Олар шағын тар көшеге бұрылды. Арлан көліктің терезесіне телміріп, таяу уақытын өткізуге тура келетін жерді анықтап көруге тырысты. Тіпті үй деп атауға да ауыз бармайтын көптеген бір қабатты құрылыстар. Бір-біріне тығыз орналасқан ондаған құрылыстардың негізінен толқынды алюминий қаңылтырларынан тұратын жайпақ шатыры бар еді. Қабырғалары қалыңдығы мен пішіні әртүрлі ағаш бөренелер мен тақтайлардан жасалған. Оларды тұрғындардың өздері қолдарына түскен кез келген нәрседен салған сияқты көрінді. Кейбір үйлердің шағын қолдан жасалған верандасы бар еді, онда керілген жіптерде киімдер кеуіп тұрды немесе үйіліп қалған ескі-құсқы қоқыстар жатты. Жарамсыз болып қалған велосипед рамалары мен дөңгелектері, адам танымастай тозған балалардың жұмсақ ойыншықтары және аумақта шашылып жатқан көптеген бос кір қораптар.

Олар кішкентай үйлердің біріне келіп тоқтады. Кіреберіс есігі — кей жерлерінде қураған сыры түсіп қалған, сыдырылған ағаш есік. Арлан бұл жаңа баспананы тек ауылдағы мал

қорасымен ғана салыстыра алды. Қазақстан мен Ресейде тіпті ең арзан жертөлелердің өзі сырттай қарағанда әлдеқайда жайлы көрінетін. Олар ішке кірді.

Арланның көз алдына жиырма шаршы метрден аспайтын шағын бөлме ашылды. Ойылып қалған жерлері көп, сыры ұшқан жасыл қабырғалар. Бүкіл бөлмеге бір ғана терезе, оның өзінде әйнек жоқ. Қалай болса солай тақтаймен шегеленген қабырғалардағы үлкен саңылаулардан жел гулеп тұрды. Бөлменің ортасында тірек ретінде бірнеше ағаш бөренелер шатырды ұстап тұр екен. Бұрындары олар бөлгіш қабырғаларды біріктіретін бөлшек ретінде қызмет еткен сыңайлы. Төбесі қабырғалы алюминий және фанера қаңылтырларынан тұрды. Ылғалдан шіри бастаған оның кей тұстарына қабырғада ілулі тұрған ағаш кесінділері шегеленіпті. Арлан аяғының астына қарады. Тәпішкесінің табаны жалаңаш бетонның бүкіл бетін жапқан қалың шаң қабатына жартылай батып кетті.

— Arlan? — деп дауыстаған Эдрин Арланның иығына кінәлі сезіммен қолын қойды. — I understand this is not what you expected to see. But... but this only one place that I can offer now (Арлан. Мен түсінемін, бұл сенің күткеніндей емес шығар. Бірақ... бұл менің қазір саған ұсына алатын жалғыз жерім).

Арлан кейбір сөздерді түсінбесе де, сөздің сарынын ұқты. Эдриннің дауысынан аздаған қобалжу мен өкініш байқалды. Эрине, Арлан барлық қолайлы жағдайы бар қарапайым пә-

терде немесе қонақүй нөмірінде болғысы келетіні сөзсіз. Далада өткізген азапты күндерден кейін ыстық ваннаға түсуді қалар еді. Екінші жағынан, Эдрин оған көмектесу арқылы тәуекелге барып отырғанын ол өте жақсы түсінді. Оның үстіне, олардың танысқанына небәрі екі-ақ күн болған.

— Итс окей Эдрин. Ай лайк ит. Хоум итс хоум (Үйдің аты — үй).

— Really?! (Шынымен бе?!)

— Йес. Бэст! — деді Арлан басбармағын жоғары көтеріп.

Мұны күтпеген Эдрин абдырап қалды. Ол Арланды соңынан еруге ыммен шақырды. Түкпірдегі бұрышта шаң басқан қара қаптардың үлкен үйіндісі жатты. Эдрин оларды кезекпен аша бастады. Біреуінен ол бір-екі кішкентай ағаш орындық шығарды. Содан кейін бірден келесісіне қол созып, бір уыс киім алып шықты.

— There are things you can use. Old bucket, a pair of child chairs, some kind of clothes (Мұнда сен пайдалана алатын заттар бар. Ескі шелек, бірнеше балалар орындығы, киімдер).

Арлан жауап ретінде тек бас изеді. Үйіндіден бір футболканы суырып алып, ол оны алдына жайып көрді. Оның әбден тозып, жыртылуға шақ қалғаны соншалық, бұған дейін онымен жүз шақты адам марафон жүгіріп өткендей әсер қалдырды. Содан кейін оны жуып әуре болмай, қапқа тастай салғандай. Оның иісінің жиіркеніштілігі сонша, Арланның көзі ашыды. Бұл киімді көргендегі алғашқы ойы — оны өр-

теп жіберу.

— You just need to clean it (Оны тек жуып алу керек), — деп жымиды Эдрин. — Клин. Почистить. Эрине, жап-жаңа болып шығады.

— Ok! — деп жауап берген Арлан, барынша табиғи етіп ештеңе етпейтінін көрсетіп, Эдринге жымия қарады.

Мүмкін көп адамдар тұрғын үй деп атауға әрең келетін бұл кір, ескі қорапта тұрудан жай ғана бас тартар еді. Бұл заңды да болар еді. Бәлкім, Эдриннен қонақүйден нөмір талап ететіндер де табылар ма еді. Ал Арлан болса, керісінше, оған ешкімнің ештеңеге қарыздар емес екенін және ең алдымен ол өзіне ғана сенуі керектігін түсінді. Оның үстіне, тым болмаса осындай бассауғалайтын пананың бұйыруының өзі бір ғанибет еді. Арлан суық қара жерде және қатты орындықтарда өткізген түндерін есіне алып, бұл үй одан көш ілгері ғой деп шешті. Ол Эдринге жақындап, жымиған күйі қолын қысты.

— Сэнк ю вери мач май фрэнд!

Қаланың шетіндегі ағаш лашықты Арланның осылай қабылдауы Эдринді аздап ұялтты. Ол абайлап:

— Is it ok? (Бәрі дұрыс па?) — деп сұрады.

— Йес. Гуд. Вери вери, — деп бас изеді Арлан қанағаттанған жүзбен.

Сол сәтте Арланның бойынан тараған жылы лебіз Эдринге де жұқты. Ол тынышталып, оған жауап ретінде күлімсіреді. Ең алдымен ол пайдалануға қажетті және керек де-

ген заттарды ғана қалдырып, үлкен қаптар үйіндісін аршуға көмектесті. Қаптардың ішінен әбден тозған, бірақ жарамды матрас табылды. Одан кейін Эдрин құбырларды, суды және душты тексерді. Тағы бір кішкентай бөлме желдеткішін табудың сәті түсті. Тіпті түнде де ыстық жиырма үш градустан төмен түспейтін елде салқындық көзінің болуы аспаннан түскен сыймен тең еді. Бірақ, өкінішке қарай, ол қосылмады. Эдрин көліктен азық-түлік салынған пакетті әкелді. Бірнеше бөтелке ауыз су және екі-үш сэндвич. Бұл Арланға ертеңгі кешке дейін шыдауға жетуі тиіс еді.

— So, Arlan. I will be back tomorrow and bring some food. Ok?! Food?! Do you understand me? (Сонымен, Арлан. Мен ертең келіп, тамақ әкелемін. Жақсы ма?! Тамақ?! Сен мені түсініп тұрсың ба?)

— Фуд ис гуд, Эдрин. Ай андэрстэнд.

Арлан көлікті жанарымен шығарып салып, жұлдызды аспанға біраз қарап тұрды да, үйге оралды. Сағат түн ортасы шамасында еді, бірақ ұйықтауға жатпас бұрын ол жинастырып алуды ұйғарды. Кем дегенде матрас төсейтін бұрышты тазалап алу қажет. Қолдарына пакет киіп алған Арлан терезенің астындағы бұрышты сыпырды. Көлемі екі де екі метр болатын жерді қоқыстан барынша тазартуға тырысып, мұқият жинады. Бұл өзі жатып, заттарын орналастыруға әбден жеткілікті еді. Он минуттан кейін бәрі дайын болды. Маңдайынан тер аққан Арланның есіне желдеткіш түсті. Ол қоқыс үйіндісінің арасынан тапқан кішкентай металл пла-

стинканы алып, оның қақпағын абайлап ашты. Сөйтсе, ең негізіндегі сым түйіспе қалыбынан үзіліп кеткен екен. Шамасы, ол биіктен құлап, шнурына асылып қалған немесе біреу оны қатты жұлқа тартқан, деп ойлады Арлан. Ұштарын пластик қабықшадан тазартып, сымдарды ұяшықтарға салды. — Өтінемін, өтінемін, өтінемін... — деп сыбырлады Арлан желдеткішті розеткаға қосып жатып.

Ол көзін жұмып, сары «ON» батырмасын басты. Қырылдаған дыбыс естілді. Қалақтары екі жаққа жұлқына бастады. Бірнеше секундтан кейін Арланға қарай жеңіл самал жел соқты. Ол орнынан тұрып, балаша шапалақ ұрды. Бұл кішкентай болса да, алғашқы жеңісі еді. Шаршаған және үстібасы кір Арлан ұйқыға жатпас бұрын душқа түсіп алды. Душ кабинасы фанера қаңылтырларымен қоршалған бөлменің екінші бұрышында орналасқан. Арлан бұдан өзі үшін ешқандай таңғаларлық нәрсе көрмеді. Дәл осындай кабина ауылдағы аулада да тұрған болатын. Суық немесе ыстық су беруді реттегіштер болмады. Бірақ салқын ауа қапырық жер үшін тамаша. Жалғыз кемшілігі

— судың қабырға бойымен орналасқан және сыртқа шығатын арыққа ағуы болды.

Ылғалдың жиі жиналатыны байқалып тұрды, соның салдарынан жағымсыз иіс шығып, ал дымқылдық жәндіктерді өзіне үйірлететін еді.

Арлан матрасқа оталған ағаштай құлады. Желдеткіш әлсіз болса да, терісін салқындатып тұрды. Терезе сыртында

шегірткелер шырылдап жатты. Тәртіп сақшыларының көзіне түсіп қаламын ба деп қорқып, ол енді жалтақтаған жоқ. Соңғы түндермен салыстырғанда, бұл ағаш қорап оған бес жұлдызды қонақүйдің нөміріндей көрінді.

Бақыттан басы айналып Арлан енді еркін тыныс ала алды. Кірпіктері баяу қорғасындай ауырлап, ол қалай ұйықтап кеткенін де байқамай қалды.

5-тарау

«Сені екі нәрсе айқындайды: түгің жоқ кездегі сабырың және бәрі бар кездегі мінез-құлқың».

Зиг Зиглар, америкалық автор, лектор және мотивациялық спикер.

Таңертең Арлан екі сэндвичтің біреуін жеп, үстінен суды молынан ішті. Екіншісін кешке дейін сақтап қояды жөн көрді. Эдрин соғып кетуге уәде бергенімен, оның қашан келетіні белгісіз еді. Далада жартылай аш өткізген бір апта Арланды бұдан былай азық-түлікті ақылмен пайдалануға үйретті.

Күні бойы ол жаңа үйін абаттандырумен айналысты. Тас жабыны толығымен тазартты. Шаңның көп болғаны соншалық, қара қоқыс қабы аузы-мұрнына дейін лық толды. киімдердің бір бөлігін ол шүберек ретінде пайдаланды. Ал екінші бөлігін қол сүртетін орамалдарға бөліп алып, алдын ала сабынмен жуып, кептіріп іліп қойды. Мұндай шаруақорлық оған анасынан дарыған еді. Отбасында қыздар болмағандықтан, ұлдарға үй шаруасын меңгеруге тура келген. Егер бұрын басында жұмыс ерлердікі және әйелдердікі болып бөлінеді деген соқыр сенім болса, Арлан өз бетінше өмір жолына аттанғалы бері бәрін жасай алатынына шексіз риза еді.

Уақыт ымыртқа таяп қалды. Малайзияда күн ерте бата-тындықтан, кешкі сағат алтыда тастай қараңғылық орнай-

тын. Арлан Эдрин келіп қалмас па екен деп қайта-қайта далаға көз тікті. Кейінге қалдырған сэндвичі сол күйі үстел үстінде жатты. Уақыт өтіп жатты, ал жолдасынан әлі хабар жоқ еді. Аштықтан әлсірегендіктен, Арланның басына түрлі ойлар келе бастады. «Егер Эдрин оны осында мәңгілікке тастап кетсе және қайтып оралуды жоспарламаған болса ше?! Егер ол сыпайылық танытып кездесу кезінде бас тарта алмай, кейін мені әпкесінің осы ескі қоймасына қамап тастап, менен құтылғысы келді ме?! Егер оның жоспары менің қырағылығымды бәсеңдету болса және ол қазір осында көші-қон полициясының қызметкерлерімен бірге келе жатса ше?!»

— Мені енді өмір бойы Жаманбек сияқты жындар қоршап жүре ме сонда?! — деді Арлан басын ұстап.

Эдрин оған мейірбан әрі жанашыр адам болып көрінген еді. Арлан оған күмән келтіргісі келмеді. Асқазанын толтыру үшін бір литр су ішіп алып, ол ұйықтауға жатты. Сағат түн ортасынан ауып кеткен болатын. Әрі қарай күтудің мәні жоқ деп санады Арлан. Өзін басқа нәрсемен алаңдатып, ұйықтап кету үшін ол туған жерін есіне түсіре бастады.

Кенет, Арланның басына күтпеген ой келді де, ол өмірінде бірінші рет дұға етуді ұйғарды. Ол мұны қалай дұрыс жасарын білмеді. Дауыстап айту керек пе, әлде іштей айту жеткілікті ме. Өзінің сенімділігі үшін ол сөзсіз естуі үшін қатты дауыспен дұға етуді шешті. Кез келген басқа жағдайда ол мұны іштей жасар еді, бірақ өзімен-өзі жалғыз қалғандықтан, ұялатын ешкім жоқ еді.

— Құдай, сәлем, мен Арланмын. Мен мұны ешқашан жасап көрген емеспін және... мұның қалай дұрыс екенін білмеймін. Дегенмен, анамның дұғаларын жиі көруші едім. Сондықтан мен де байқап көрейін. Білесің бе, соңғы бір айда қаншама оқиғалар орын алғанын, ал соңғы екі күнде одан да көп. Мен сенің шын мәнінде бар немесе жоқ екендігің туралы ешқашан ойланбаппын. Бірақ қиын тағдырымда маған көмектескен адамдар кездейсоқ кездеспегені анық. Менімен риясыз тамағын бөліскен Суреш те. Маған баспана тауып берген Эдрин де. Иә, бәлкім, хансарай емес шығар, бірақ мен шағымдануға үйренбегенмін. Мен бұл жерден шығуға тырысып жатқанда, жақындарым аман-сау болса екен. Менің сенен сұрайтыным осы ғана. Бірақ маған да көмектессең қарсы болмас едім. Қалай болғанда да, мен қалайда үйге ораламын деп өзіме серт бердім. Жолы болмай қалған жолаушы ретінде емес, табысы мол адам ретінде. Әлі нақты жоспарым жоқ, бірақ мен қалайда жетістікке жетуге тырысамын!

Арлан төбеге қарап үнсіз қалды. Оның сөздерді дұрыс тандағаны және дұрыс дұға еткені маңызды емес еді. Ол мұны шын жүректен, пәк көңілмен жасады, және бұл әбден жеткілікті болатын. Оның есіне анасының кешкісін қабырға алдында отырып айтатын сөздері түсті. Ол жай ғана соларды қайталауды ұйғарды:

— Құдай Әке! Мен саған сенемін, мен сені ешқашанда ұмытпаймын! Қате істеген нәрселерімнің бәрі үшін кешіре гөр! Егер шынымен бар болсаң, маған көмектесе гөр, ал мен

жақсы адам боламын, тек жақсы жаққа қарай өзгеремін, — деді ол сәл үнсіздіктен кейін — Аумин! — деп қойып.

Арлан бұл рәсімді тағы бірнеше рет қайталап, содан кейін иіліп тағзым етті. Ауыр күрсініп, төсегіне оралды. Ол шалқасынан жатты, ал оның жанары төбеге қадалып, қараңғылыққа сіңіп кетті. Арланның жаны жай тапты. Ішінде әдеттен тыс жеңілдік пайда болды. Өмірінде болып жатқанның бәрі оның ішінде жиналып қалғандай еді. Жыл өткен сайын. Күн өткен сайын. Сағат өткен сайын. Жиналып қалған ойлардан, уайымдардан, күмәндардан арылу үшін тек қана дұға ету керек екен ғой. Ең маңызды, басқа ешкімге айта алмайтын тілектеріңді айту. Шын жүректен және адал ниетпен, ешқандай қулықсыз. Басындағы бейберекет хаос жоғалып, Арланның санасы барлық жағымсыз ойлардан тазарып, баяу ұйқыға кетті.

Келесі күні таңертең ерте Эдрин оралды. Ол бір күн бұрын жоқ болуының себептерін түсіндіре отырып, ұзақ кешірім сұрады. Арлан «Sorry» деген сөзден басқа ештеңе түсінбеді де, Эдриннен бекер күмәнданғанын ұқты.

— I brought the some necessary things (Мен кейбір қажетті заттарды әкелдім).

Осы сөздерді айта отырып, ол үстелге бірнеше пакет қойды.

— Фуд?! Найс, — деп Арлан ырза бола жымиды.

— Here is the bread. Some water. Milk. Noodles. Oh, and this. Do u like a tea? Coffee?! (Міне, нан. Аздап су. Сүт. Кес-

пе. Ох, және мынау. Шаш ішесің бе? Кофе?!)

Эдриннің қолында сәл қажалған электр шәйнегі жарқырап тұрды. Арлан оны алып, қосу батырмасын басып, аузымен сырт еткен дыбыс шығарды.

— Yeah! Right! (Иә! Дұрыс!) — деп күлді Эдрин.

Арланның назарын бәрінен де бұрын дөңгелек көк қорап аударды. Ұстап көргенде ол металдан жасалған болып шықты.

— Ват ис ит? (Бұл не?)

— Have you ever eaten them before? (Сен оларды бұрын ешқашан жеп көрген жоқсың ба?) — деп таңғала сұрады Эдрин.

— Ват? — деп қабағын түйді Арлан.

Эдрин қорапты алып, қақпағын ашты да, бір печенье шығарды.

— It's a cookies. Tasty! (Бұл печенье. Өте дәмді!)

Әрине, Арлан бұған дейін де печенье жеп көрген. Бірақ ол қарапайым печеньеі осылайша қаптайды деп ешқашан ойламаған еді. Пластик қапшықта болатын. Олардың дәмі айтарлықтай тәтті болып шықты, бірақ Арлан ешқандай ерекше немесе таңғаларлық дәм сезбеді.

— So, Arlan. I need to go. Probably I'll be back after two days. (Ендеше, Арлан. Маған кету керек. Мүмкін, мен бірекі күннен кейін оралармын).

— Окей окей. Ноу проблем.

— Remember! Don't go outside! (Және есінде сақта! Да-

лаға шықпа!)

Эдрин есікке қарай нұсқап, содан кейін алдында қолдарын айқастырды.

— Аутсайд. Шықпа. Мен түсіндім. Йес, йес.

— All right. Care yourself (Жарайды. Байқап жүр).

Ол терең күрсініп, Арланның иығынан қақты. Бірнеше минуттан кейін көлік шаң бұлтының арасында көзден ғайып болды. Арлан табалдырықтан аспай қарап тұрды. Бір қолында ол көк қорапты ұстап тұрды, ал екінші қолымен печеньені аузына салып жатты.

— Мәссаған! Шынымен де дәмді екен, — деді ол есікті жауып жапты.

6-тарау

«Қайдан келгеніңіз маңызды емес. Қайда бара жатқаныңыз маңызды».

Брайан Трейси, америкалық мотивациялық шешен әрі өзін-өзі дамыту кітаптарының авторы.

Арланның мынау жұпыны үйге қоныстанғанына жалпы алғанда бір апта уақыт өтті. Жақында ғана ызғарлы әрі кір-қожалақ қойма болған жер екі күндік тынымсыз еңбектің арқасында жайлы тұрғын үйге айналды. Егер ғимарат кезінде қандай материалдардан салынғанына мән бермесең, жағдай онша жаман емес еді. Мұнда ұйықтайтын орын, жарық пен су бар. Ыстықтан естен тандырмайтын, жан сақтайтын желдеткіш те әрқашан қол астында. Арлан бұған әбден қанағаттанды. Бұл тек уақытша баспана екенін және үйге оралудың жолдарын іздеу қажеттігін ол өте жақсы түсінді.

Арлан кішкентай үстел басында қара шай ішіп отырды. Эдрин сол кеткеннен әлі келмегенді, сондықтан азық-түлік таусылуға да таяған. Бірақ бұл жолы Арлан досының қайтып оралатынын білді, сондықтан еш алаңдаған жоқ. Даладан көлік моторының гүрілі естілді.

— Қайта оралуыңмен! — деп айқайлады Арлан Эдринді қарсы алып.

Үстелдің үсті азық-түлік салынған бірнеше пакетке тол-

ды. Бұл жолы Эдрин бір, тіпті екі аптаға жететіндей азық-түлік сатып алуды ұйғарыпты. Досының былғары портфелінен Арлан бірнеше кітапты байқап қалды.

— Эдрин. Итс букс? (Бұл кітаптар ма?)

— Yeah. This is my job. I sell useful study books (О, иә! Бұл менің жұмысым. Мен пайдалы оқу кітаптарын сатамын).

— Стади?! Хм... (Оқу?! Хм...)

Арлан бұл сөздің аудармасын есіне түсіруге тырысып, ойланып қалды. Ол өте таныс сөз еді, оны бала кезінде естігені анық.

— Look! I show you (Қара! Мен саған көрсетейін).

Эдрин мұқабасында түрлі суреттер мен ағылшын әліппиінің әріптері бейнеленген үлкен қызыл кітапты шығарды. Әліппеге өте ұқсас екен. Эдрин қатарласа бірдеңені түсіндіре отырып, атаулары жазылған көптеген суреттерді көрсетіп, парақтарды бірінен соң бірін аударды. Алманың суретінің астында «Apple», ал тілін шығарып тұрған жирен иттің астында «Dog» деген жазу тұрды. Арланға тіл үйренудің мұндай тәсілі ұнап қалды.

— It's for kids to learn a language (Бұл балалардың тіл үйренуіне арналған), — деп түсіндірді Эдрин.

Арлан бұл кітаптың балаларға арналғанын түсінді, бірақ өзінің қазіргі ағылшын тілі деңгейін ескерсек, оқуды әліппеден бастауға ол да қарсы емес еді. Дәл осы сәтте оның басында жаңа бір ой, дәлірек айтсақ, жоспар туындады. Ол ең алдымен не істерін ұқты. Тіл үйрену қажет. Ол кезінде мектеп

пен академияда оқып жүргенде ағылшын тілін үйренбегеніне өкінді, қазір ол ауадай қажет болып тұр. Арланның жанырындағы отты көрген Эдринге бұл ұнап қалды да, ол ыммен кітапты қалдыруды ұсынды.

— Take it. Will return later (Ала ғой. Кейін қайтарарсың).

— Шынымен ба?! Сэнк ю Эдрин. Эм...

(Рақмет саған, Эдрин. Эм...) Арлан мүдіріп қалды. Ол Эдринді ұсақ-түйек үшін мазалағысы келмеді, бірақ оған қойын дәптер немесе дәптер қажет еді.

— Ай нид... (Маған керек...) — сөзін аяқтамаған Арлан қолымен бірдеңе жазып жатқандай ишарат жасады.

— Oh, do you wanna a notebook? (Ох, саған дәптер керек пе?)

Арлан құптай бас изеді.

— No problem. I will bring them tomorrow. Deal? (Әрине. Мен оны ертең әкелемін. Келістік пе?) — деді Эдрин қолын ұсынып.

— Дил (Келістік), — деп жымыған Арлан оның қолын алды.

Арлан әзірше ешқайда шықпауды ұйғарды. Кез келген сәтте оны полицейлер байқап қалуы мүмкін, ондай жағдайда тіпті Эдрин де ешқандай көмек көрсете алмас еді. Ол босқа тәуекелге барғысы келмей, төрт қабырғаның ішінде отырды. Беті-қолын жуып, түскі асын ішкен соң, қалған уақытын түгелдей кітапты зерттеуге арнады. Атаулары жазылған суреттермен оқып үйрену тәсілі оған қатты ұнады. Суретті көріп

отырып сөз жаттаған есте жақсы сақталады. Қараңғы түсіп, мәтінді оқу қиындаған кезде Арлан жаттап алғандарының бәрін ішінен қайталайтын. Арланның бойын ынта кернеп, ол тілді барынша тез үйренуге құлшына кірісті.

Келесі күні Эдрин келмеді. Арлан кешеден қалған тамағын жеп, қайтадан оқуға кірісті де, қас қарайғанша тап-жылмай отырды. Бір күннен кейін, түске таман Эдрин келді. Ол азық-түлік, уәде етілген дәптер мен бірнеше қалам әкелді. Арлан жазуға мүмкіндіктің туғанына балаша қуанырын елестете де алмаған еді. Олар бір сағаттай отырып, әр түрлі тақырыпта әңгіме-дүкен құрды. Арлан өзіне түсініксіз болған сөздердің барлығын жазып алып отырды. Олардың кейбірін Эдрин түсіндірсе, көбісін түсінбей, ол тек мағынасын кейін жазып қою үшін қасына бос орын қалдыратын.

Эдрин қалаға кетіп, Арлан өзімен-өзі қайтадан жалғыз қалды. Ол үйдің кіреберісінде отырып, аспанға көз тастады. Айналасындағы бүкіл әлемнің ішіндегі тек осы аспан ғана оған туған жерін қатты еске түсіретін. Бұлтсыз көгілдір кеңістік. Ауылдағы жаздың ыстық күндеріндегідей ашық аспан.

Осылайша тағы бір апта өтті. Соңғы рет Эдрин көп азық-түлік әкелгендіктен, бұл күндердің бәрін Арлан жалғыздыққа өткізді. Уақыт барған сайын баяулай түсті. Минуттар төзгісіз ұзақ сағаттарға айналды. Сағаттар жылдардай созылды.

Және күн ғасырдан да ұзаққа созылғандай болды. Әр

адам дүниеге келген сәттен бастап қоғамның бір мүшесі саналады. Және өмір бойы ол жақын адам немесе мүлдем бейтаныс кісі болсын, үнемі біреумен байланыста болады. Арланды жат елде тапқан толық жалғыздықтың туған үйінде, туған қаласында, туған Отанында отырған кез келген басқа жалғыз адамның жалғыздығынан айырмашылығы да осында еді. Бұл дүниеде бір-біріне толығымен ұқсайтын ештеңе жоқ. Бұл жалғыздыққа да қатысты. Дүниеде қаншама жалғыз адам болса да, әркім жалғыздықты өзінше бастан кешіреді. Егер микроскоппен қарасақ, тіпті екі тамшы судың өзі әртүрлі болып шығады.

Арлан өз жалғыздығынан тек оң тұстарын ғана көріп, жағымсыз ойларды мүлдем жолатпады. Өзіңмен-өзің өткізген уақытты барынша тиімді пайдалануға болады, өйткені сен тек өзіңе ғана жауаптысың. Ойға алған мақсатыңды жалғыздықта жүзеге асыруға кедергі келтіретін ешқандай сыртқы кедергі жоқ. Осыны ұғыну Арланның өзін-өзі дамыту жолында маңызды түрткі болды. Тіл үйрену — оның асқақ арманына жету жолындағы миллиондаған басқа бастамалардың ішіндегі кішкентай ғана бір қадамы еді.

Күндердің күнінде Арлан бөлменің түкпіріндегі бұрышта жиналып қалған ескі-құсқы заттарды ақтарып көруді ұйғарды. Қораптардың бірінен ол таңғажайып олжа тапты. Бірнеше кассетасы бар ескі магнитофон. Тағдырдың бұл сыйын ашып үлгермей жатып, біреу есік қақты. Ол азық-түлік пен бірнеше заттар әкелген Эдрин екен. Арлан пакет-

терді алып, заттарды шығара бастады. Эдрин бөлменің ортасында тұрып, әпкесінің бұрынғы қоймасын көзбен шолып шықты. Тұрғын үйдің қаңырап тұрғаны Арланнан гөрі оның өзін көбірек мұңайтатын сияқты. Ол жаңа танысының мұндайда қалайша сабыр сақтап, салқынқандылық таныта алатынына таңғалатын. Ол қашан да келіп қал-жағдайын сұраса: келесі күні ме, екі күннен кейін бе, әлде бір аптадан кейін бе, Арлан әрқашан құшағын жая қарсы алатын. Жүзінен күлкі кетпей, қалжыңдап, жинаған бар білімін қолдана отырып, оны құрметті қонақтай үйге кіруге шақыратын. Эдрин өзін жаңа досының орнына қойып көрді. Үйден, туыстарынан жырақта ол да осылай мойымас па еді?! Он мыңдаған шақырым қашықтықта мүлдем жат елде, тілді білмейсе де?! Қолында не ақша, не құжат жоқ бола тұра ма?! Оның бойын бұрын-соңды болмаған, жаман ойларға жетелейтін үрей сезімі билеп алды. Ол мұндай ауыртпашылықты арқалай алмай, ең алдымен барып полицияға берілер едім деп ойлады. Дәл сол сәтте Арлан үйден тапқан қолда бар заттардан өзі жасап алған үстелге дастарқан жайып жатты. Эдрин оған жақындап, иығынан қақты:

— You are very strong person Arlan. (Сен өте мықты адамсың, Арлан). Арлан Эдринді түсінбей, тек басбармағын жоғары көтерді.

Конец ознакомительного фрагмента.

Текст предоставлен ООО «Литрес».

Прочитайте эту книгу целиком, [купив полную легальную версию](#) на Литрес.

Безопасно оплатить книгу можно банковской картой Visa, MasterCard, Maestro, со счета мобильного телефона, с платежного терминала, в салоне МТС или Связной, через PayPal, WebMoney, Яндекс.Деньги, QIWI Кошелек, бонусными картами или другим удобным Вам способом.